


«Террикон алқабы»: 2025 жылға 10 мың IT маман
3-бет



«Даму» ашқан даңғыл жол
5-бет



Өнері өнегемен сабақтасқан
8-бет




ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz | www.instagram.com/ortalyq.kz | СЕЙСЕНБІ, 24 ҚАЗАН, 2023 ЖЫЛ №119 (23 295) | www.facebook.com/ortalyq.kz | info@ortalyq.kz

Қадірлі қарағандылықтар!

Сіздерді ұлттық мерекеміз – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

1990 жылы 25 қазанда еліміздің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды. Бұл тарихи күн біздің елімізге өз мемлекеттілігін қалпына келтіруге мүмкіндік беріп, Тәуелсіздік алуымызға ықпал етті.

Осы уақыт ішінде елімізде экономика тұрақты дамып, әлеуметтік салаға назар аударылып, ел азаматтарының өмір сүру деңгейі жоспарлы түрде жақсартылуда. Әлеуметтік нысандар білім ордалары, ауруханалар, балабақшалар салынууда. Бұл бағдарламаларды іске асыруға Қарағанды облысы да үлкен үлес қосуда. Біз жыл сайын өңірдің даму қарқынын арттырып, өндірісті, шағын және орта бизнесті дамытып жатырмыз. Биылғы жылы кәсіпкерлердің 2,5 мыңнан астам жобасы мемлекеттік гранттарға ие болды. Сонымен қатар өңірде тұрғын үйлер белсенді салынууда. Кеншілерге арналған ипотекалық бағдарламалар енгізіліп, дәрігерлер мен мәдениет қызметкерлеріне қызметтік тұрғын үйлер, студенттерге арналған жатақханалар пайдалануға берілуде. Сондай-ақ, өңірде инвестициялар белсенді тартылуда. Мұның бәрі біздің бірлігіміз бен тұтастығымыздың арқасында мүмкін болды.

Құрметті жерлестер!
Бүгінде біздің әрқайсымыз Қазақстанның болашағына үлес қосудамыз. Осынау мереке күні біз сіздерге денсаулық пен амандық, отбасыларыңызға бақ-береке тілейміз. Тәуелсіз Қазақстанымыз гүлдене берсін!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі
Нүркен ҚОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

Егемендік – ақыл мен сабырдың жемісі

Ұлы Далада жана тұрпатты егемен мемлекет құрған күн – бұл саяси бағдар мен болашақтың бағытын айқындап берген күн. Егемендік Декларациясы қабылданарда сан алуан пікірдің туындағанын тарих парақтары қазір жайып салып жатыр. Бұл орайда білгеніміз бір тоғыз, білмейтіміз тоқсан тоғыз. Бірақ бір жайтты жадыға мықтап, өлсек те, өшпестей жазып алуға тиіспіз. Қуатты мемлекет құрудағы басты құжатқа айналған Декларацияның жемісі – тәуелсіздік.



Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Егемен сөзі елдің есінен шықпаса да, бір кезде емес-еміс айтылып қана жүрді. Тәуелсіздік туралы айтқанда, егемендік ойда тұруы тиіс-ті. Өйткені, жоғарыда айтқанымыздай, бостандықтың боз таңы осы егемендіктен бастау алды.

1990 жылы 25 қазанда Қазақстан өзінің егемендігін жариялауы – жаңа тарихтың алғашқы парағы. Ол жобаның бірнеше күн Жоғарғы Кеңесте толассыз талқыланғаны аян. Сондықтан да Жоғарғы Кеңес 16 қазанда 25 депутаттан тұратын арнайы келісім комиссиясын құрып, оның жұмысына жетекшілік жасауды депутат, академик Салық Зимановқа тапсырып, ол комиссия он күн бойы декларация жобаларының әрбір бабын жан-жақты қарап, соңында жоба көпшілік дауыспен мақұлданғанын айтады ашық ресурстағы деректер. Ал «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы» Қазақстанның тәуелсіздігін бекітуге жасалған алғашқы қадам еді. Онда елдің саяси-құқықтық тәуелсіздігінің бағдарламасы сипатталды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Егемендік декларациясын халықтың жан-жақты және ұзақ жылғы күресінің



нәтижесі деуге болады. Әрине, мұндай қадамға бару оңай болған жоқ. Еліміздің сол кездегі саяси-әлеуметтік және демографиялық ахуалы тұрғысынан қарасақ, бұл өте батыл әрекет болатын.

Егемендік Декларациясы – тәуекел мен дипломатияның, ақыл мен сабырдың жемісі. Осы тарихи құжаттың әсері көп ұзамай байқала бастады. Біз қоғамның іргетасын жаңартып, жаңа белестерге ұмтылдық. Қазақстан қиын өткелден өтіп, іргелі ел болуға бағыт ұстады. Ұлы Абай айтқандай, «ақырын жүріп, анық баса» отырып, ешқандай дүрбеленіс тәуелсіздікке қол жеткіздік» деді.

Егемендік – ежелден ел арманы. Оның жолында қанша ақын-батыр жанынан кешіп қорғаумен, жырлаумен өмірін сарп етті. Кешегі Күлтөгінің де аңсаған арманы – түркі баласын бір тудың астына біріктіріп, егемендік алу еді. Өзге елдің боданынан бөлек тұру бұл – баба бастауы. Болашақ ұрпақ баба үмітін ақтады ма? Табыны сөйлеген тарпаңдай жоғалудың аз алдында қалдық. Алайда, Алаштың атқа мінер көсемдері, ұлт жанашырлары ел ымырасына ерен еңбек етті. 90-шы жылдардың көсемсіз өткен көмескі кезеңі арта қалды.

Тарих тармақтарына қарасақ, жер бетінен жойылып кеткен мемлекеттер біршама. Соның бірі – Жоңғар хандығы. Қазақ

жері мен Қытайдың екі арасына ойран салған кешегі ойраттардың ізім-ғайым жоғалатыны үш ұйықтаса түстеріне кірмесе керек. Ат үстіндегі жауынгерлік қыр-ды, төзімділігі мен дала сынағына шыдамдылығы олардың ерекшеліктері еді. Қанша жаужүрек болса да, қазір қалған қалмақтар саны саусақпен санарлық. Ал, қазақтар ше? Сонау Тұраннан бергі түп тамырымызды талай жойып жібермекке бекінген ел жетерлік.

Расында, ұлттың қамын тек сол ұлттан шыққан ұлт өкілі ғана ойлайды. Мұны кешегі «желтоқсанның қыршындары» қанмен жазып кетті тарихқа. Талай тар жол, тайпақ кешуді өткерген ата-баба қадірін қазір бағалай алып жатырмыз ба? Енді ғана етек-жең жиып, ескіні жаңғыртқанымыз. Бұл дегеніміз егемендіктің не екенін енді білудеміз деген сөз.

Қоғам мүддесін көздеген

Салтанат Г. ПИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Астана қаласында Қазақстанның XI Азаматтық форумы өтті. «Әділетті Қазақстан: біріміз және әрқайсымыз үшін – азаматтық қоғам дамуының басты бағыты» атты тақырыпта өткен форумға республиканың барлық өңірлерінен және Орталық Азия елдерінен алты жүзден астам делегат қатысты. Олардың қатарында үкіметтік емес ұйым көшбасшылары, қоғамдық кеңестердің төрағалары, Парламент депутаттары, мемлекеттік органдардың, бизнес-қоғамдастықтардың, өңірлік және ұлттық даму институттарының, «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері бар. Панельдік сессиялар мен кездесуде үкіметтік емес ұйымдардың көшбасшылары, мемлекеттік органдар мен бизнес-қоғамдастықтардың өкілдері екі күн қатарынан ел дамуының және жаһандық сын-қатерлерді еңсерудің өзекті мәселелерін талқылады. Стратегиялық шешімдерді әзірлеу және азаматтардың құқықтық мемлекетті қалыптастыруға қатысуы мақсатында мемлекет, бизнес және азаматтық қоғам арасындағы диалог пен ынтымақтастыққа арналған форумның биыл ұйымдастырылуы да, мазмұны жағынан да ерекше екенін айту керек. Себебі, ел көлеміндегі ғана емес, әлемдік маңызды проблемалар да айтылды.



ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!
Газетке 2024 жылға жазылу науқаны басталды. Жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияға ресімдеуге болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынасыз) балама жазылу жүргізіледі.

Kaspi.kz арқылы сүйікті басылымыңызға жазылыңыз!
«Төлемдер» бөлімі → «Іздеу» → «Жазылым төлемі» → Баспа басылымының атауы

| Санаттар | Жеткізусіз | «Қазпошта» АҚ Қала (тенге) | «Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (тенге) |
|-------------------------------|------------|----------------------------|----------------------------------|
| Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | 6 ай | 5827,65 | 5891,70 |
| | 12 ай | 11655,30 | 11783,40 |
| Жеке жазылулар үшін | 6 ай | 3079,65 | 3083,70 |
| | 12 ай | 6159,30 | 6167,40 |

Жеңілдікпен жазылу: 25 қазан – 25 қараша (бір жылға жазылу шартымен)

| Санаттар | Жеткізусіз | «Қазпошта» АҚ Қала (тенге) | «Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (тенге) |
|-------------------------------|------------|----------------------------|----------------------------------|
| Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | | 10215,00 | 10415,40 |
| Жеке жазылулар үшін | 3492 | 5535,30 | 5651,40 |

Анықтама телефоны: **41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.**
E-mail: **otdel.pochtovyy@bk.ru**

Баспасөз - 2024





Ауылға қолайлы жағдай жасалуы тиіс

«Ауыл – ел бесігі» жобасы облыста кең ауқымда жүзеге асуда. Жобаны іске асыру барысы туралы облыс әкімінің аппарат жиынында экономика басқармасының басшысы Татьяна Аблаева мәлім етті.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Басқарма басшысының айтуынша, жалпы, екі жыл ішінде «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы өзінің тиімділігін көрсеткен. Ауыл тұрғындарының өмір сүруіне қолайлы жағдай жасап, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Жоба аясында мыңнан астам жұмыс орны құрылып, ауылдық мектептер, мәдениет үйлері, кентшілік жолдар, су құбырлары және басқа да нысандар жөнделді.

Биыл жоба 58,6 мың тұрғыны бар 35 ауылдық елді мекенді қамтыды. Қазіргі таңда 39 жобаның 12-сі бойынша жұмыстар аяқталған.

Басқарма басшысының сөзіне сүйенсек, Абай ауданы бойынша Жон, Южное, Құлайғыр, Юбилейное ауылындағы 8,5 шақырымды құрайтын ауылшілік жолдар орташа жөндеуден өткен. Бұқар жырау ауданына қарасты Үміткер, Ботақара, Керней және Тоғызқұдық ауылында 31,8 шақырым жол жөнделді. Нұра, Осакаров ауданының жолдары орташа жөндеуден өтті. Нәтижесінде 12 мыңнан астам ауыл тұрғындары үшін жол сапасы жақсарды.

Жиын барысында аймақ басшысы «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясындағы жұмыстар бақылауда екенін атап өтті.

– «Ауыл – ел бесігі» аясында ауылдардың инфрақұрылымын дамыту белсенді жүрде. Жоба аясында ауыл тұрғындары



үшін тұрақты жұмыс орындары құрылуда. Бағдарлама сумен, электрмен жабдықтау, газбен қамту, сондай-ақ, жергілікті маңызы бар жолдарды салу, жөндеу және әлеуметтік нысандар тұрғызу арқылы ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Жобалардың уақытында тапсырылуы әрі жұмыстардың сапалы жүруі бақылауда, – деп атап өтті облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Бүгінге таңда «Ауыл – ел бесігі» аясында 26 жоба бойынша жұмыстар жалғасуда.

– Ауылдардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын жаңғыртуға мүмкіндік беретін жоба аясында Бұқар жырау ауданындағы Доскей, Көкпекті

және Үштөбе ауылдарында үш клубтың құрылысы жұмыс кестесіне сай. Жұмыстарды 2024 жылы аяқтау жоспарланған. Нұра ауданы, Шұбаркөл ауылындағы Абай атындағы мектептің спорт залының және Ақтоғай ауданы, Сарышаған ауылындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жалғасып жатыр, – деді Татьяна Аблаева.

Қазіргі таңда Бұқар жырау ауданындағы «Трудовое» және «Доскей» су құбыры желілерін, Нұра ауданындағы Изеңді ауылындағы су құбыры желілерін қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Жоба аясында 5 мыңға жуық тұрғын сапалы ауыз сумен қамтылады.

• КӨШПЕЛІ ОТЫРЫС

Кәсіпкерлерге қылмыстық іс қозғау азайды

Қарағанды облысында бизнес субъектілеріне қатысты сотқа дейінгі терген-тексеруді бастауға нақты негіздер белгіленген. Бұл туралы аймақтың бас прокуроры Бауыржан Мырзақерев Парламент Сенатының депутаттары, Мәжіліс комитетінің төрағасы мен өңірдің құқық қорғау органдары басшыларының қатысуымен Осакаров ауданында өткен көшпелі отырыста атап өтті.

Бас прокурордың айтуынша, облыста осы санаттағы істерді тіркеу 3 есе азайған. Сонымен қатар, азаматтық-құқықтық қатынастарды тіркеуге тыйым салынған.

– Кәсіпкерлерге қатысты азаматтық дау үш жыл қатарынан орын алған. Бұл тұрғыдағы алаяқтық фактілер бойынша қозғалған 43 қылмыстық іс тоқтатылды, – деді Бауыржан Мырзақерев. Облыста шағымдану құқығы іске асырылмаған тексеру, ревизиялық және аудиторлық актілердің нәтижелеріне орай жоспарланған істерді тексеру доғарылды. Былтырдан бері жүргізіле бастаған 49 іс тоқтатылды. Криминалистік қорытындыға сүйеніп, іс қозғау тәжірибесі де алынып тасталды. Бұған дейін мемлекеттік органдардың тексеру парақтарында бизнеске қойылатын талаптар күшейтілген еді. Бүгінде оның тең жартысы азайған. Бұл бизнес нысандарындағы тексерулердің екі есе қысқарғанын айқастайды. Жалпы айтқанда, 23 тексеріс

күші жойылды. Ал, тексеру тәртібін бұзған 10 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Кәсіпкерлер үшін тағы жағымды жаңалық, бизнес субъектілеріне қатысты 133 заңсыз тыйым салу мен шектеу алынып тасталды. Оның ішінде, банктік шоттарды қолдануға және тәуекел әрекеттер жасауға тыйым салуға қатысты шектеулер бар. Осы тұрғыдағы 185 әкімшілік материал күшін жойды. Сенаторлар бизнеске қолайлы жағдай туғызатын аталған мүмкіндіктерді оң бағалады.

Айта кеткен жөн, көшпелі отырыс VIII сайланған Парламенттің II сессиясында кәсіпкерлердің құқығын қорғау және құқық қорғау органдары тарапынан бизнеске қысым жасауға жол бермеу жөніндегі Президент тапсырмаларын іске асыру аясында өткізілді.

Айтбала СУЛЕЙМЕНҚЫЗЫ

• РЕСМИ

Қазақстанда АЭС салу мәселесі бойынша жария талқылаулар өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Осымен 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы Қазақстанда атом электр станцияларын салу мәселесі бойынша жалпұлттық референдум өткізуге бастамашы болғанын хабарлаймыз.

Сонымен қатар, Жолдауда Қазақстан Республикасының Президенті референдум өткізу мерзімдері кейінірек белгіленетінін атап өтті. Референдум өткізу тәртібі 1995 жылғы 2 қарашадағы «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен регламенттелген.

Қазақстанда АЭС салу мәселесін талқылау мақсатында референдум өткізілгенге дейін Қарағанды қаласының әкімдігі жария талқылаулар өткізуді жоспарлап отыр.

Жария талқылауға атом саласының салалық сарапшылары қатысады. Жария талқылауларды өткізу барысында азаматтар өздерін қызықтыратын технологиялардың қауіпсіздігі бойынша да, АЭС құрылысының әлеуметтік-экономикалық аспектілері бойынша да кез келген сұрақтарын қоя алады.

Жария талқылау өткізілетін орны: **Қарағанды қаласы, Достық Үйі ғимараты, Шахтеров даңғылы 64.**

Жария талқылауды өткізу күні мен уақыты: **2023 жылғы 30 қазан сағат 15:00-де.**

Барлығын қатысуға шақырамыз!

• БРИФИНГ

Тұтынушы құқығы тапталмайды

Бүгінгі таңда тұтынушылардың құқығын қорғау саласында мәселе жетіп артылады. Оны шешу үшін уақыт пен заң жүйесіне біршама өзгеріс қажет. Осы мақсатта Сауда және интеграция министрлігінің заң жобаларын әзірлейтін жұмыс тобы 40-қа жуық кездесу өткізіп, көптен бірге ұсынылған өзгерістер мен толықтыруларды талқылады. Ал, заң жобасы Парламент Мәжілісінің қарауында жатыр. Толықтырулар мен өзгерістер жайында облыстық сауда және тұтынушылардың құқықтары қорғау департаментінің бас мамандары Әсел Сахариева мен Еркін Балмағанбетов өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте мәлімдеді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жыл сайын тұтынушылар тарапынан түсетін өтініштің саны 20%-ға өсуде. Мәселен, 2020 жылы уәкілетті органға 21 мыңнан астам өтініш түссе, былтыр шағымның саны 30,2 мыңға жеткен. Ал, сол шағымдардың басым бөлігі бөлшек сауда, тұрмыстық қызметтер, электрондық сауда және қоғамдық тамақтану нысандарының қызметіне байланысты. Осы мақсатта бизнес өкілдерінің жауапкершілігін арттыруға және халықтың құқығын қорғау мақсатында Заң жобаларына түзетулер енгізілген болатын. Қазіргі уақытта заң жобасын әзірлеу барысында да тиісті ғылыми-зерттеу жұмыстары толық жүргізілген.

– Азаматтардың келіп түскен өті-



ніштерін талдау мен мониторинг нәтижелерін, тұтынушылардың құқығын қорғауда қоғамдық институттардың пікірі

мен ұсынысын және әлеуметтік зерттеу көрсеткіштерін назарға ала отырып, министрлік ең алдымен жөн-жосықсыз

• ДЕПУТАТ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Өңір медицинасы – депутаттар назарында

«Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау ұлттық жобасын іске асыру мақсатында облыстық және қалалық мәслихат депутаттары арасынан уақытша жұмыс комиссиялары мен топтар құрылған болатын. Кезекті сессияға дайындық шеңберінде халық қалаулылары медициналық мекемелерді аралап, ахуалын өз көздерімен көріп қайтты. Елуден астам денсаулық сақтау мекемесінде болған олар сессия барысында өңірдің денсаулық сақтау саласындағы қызмет көрсету сапасын зерделеді.



Салтанат ГИЯШИ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Қобжанов бастаған депутаттар жоспарға сәйкес, Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Приозерск, Саран, Шахтинск қалаларында және Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Шет, Қарқаралы, Нұра, Осакаров аудандарында болды.

Құрамында облыстық мәслихат депутаттары А.Ляпунов, А.Ескалиева, Қ.Оспанова, А.Куприенко және қалалық мәслихат төрағасы А.Бөкенов, қалалық мәслихат депутаттары М.Платонова, Н.Әубәкіров және тағы басқалары бар жұмыс топтары медициналық нысандардың жай-күйімен танысты. Атап айтар болсақ, ұйымдардағы мамандандырылған кабинеттер оңалту, емдеу, профилактикалық іс-шараларға арналған құралдармен қаншалықты жабдықталғанына көз жеткізді.

Әлбетте, денсаулық сақтау саласы ерекше назарда. Өңірдегі бірқатар нысандар күрделі жөндеуден өтті. Соған қарамастан, шешілуі тиіс мәселелер де жоқ емес. Дәл осы мақсатты көздеген депутаттар жергілікті жерлерде денсаулық сақтау саласында қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін тағы не қажет деген сияқты мәселені зерделеді.

Сондай нысанмен бірі – облыстық клиникалық аурухана. Мекеме – облыс тұрғындарына хирургиялық, терапевтік көмек көрсететін қосалмалы жалғыз стационар. Соңғы бес жылда стационардың бейінді бөлімшелері күрделі жөнделіп, материалдық-техникалық база бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

– Клиникаға ангиографиялық кешен сатып алынды. Бұл – артерияларды бейнелеу арқылы диагностикалауға арналған сандық аппарат. Ангиографиялық жүйе әлсіз қуатты рентген сәулесінің көмегімен артериялардың жағдайын көрсетеді. Нәтижесінде жүрек-қан тамырлары ауруларын диагностикалау және анықтау мүмкіндігі бірнеше есе өсті, – дейді аурухана қызметкерлері.

Депутаттар профессор Х.Мақажанов атындағы көпбейінді ауруханада да болды. «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау ұлт-

тық жобасының негізгі көрсеткіші – халықтың медициналық қызметтер сапасына қанағаттану деңгейін 80%-ға дейін арттыру болса, биылғы 8 айда ауруханадағы бұл көрсеткіш 97%-ға жеткенін айту керек.

Мұнда травматология, ортопедия, нейрохирургия, неврология, хирургия, оториноларингология, гинекология, терапия, медициналық оңалту және тағы да басқа бағыттар бойынша пациенттерге жоғары сапалы көмек көрсетіледі.

Клиникада жедел цереброваскулярлық ауытқулары бар науқастарға арналған «Инсульт мектебі» жұмыс істейді. Ауруханада шұғыл көмек те, жоспарлы көмек те көрсетіледі. Профессор Х.Мақажанов атындағы көпбейінді ауруханасының диагностика мен емдеудің барлық салаларында әлемдік тәжірибені пайдалана отырып жұмыс істейтінін де айту керек.

Ал, Қарағанды қаласындағы №2 көпсалалы ауруханада жіті коронарлық жеткіліксіздік, ересектер мен балалар кардиохирургиясы, тамырлы және эндоваскулярлық хирургия сияқты ауқымды медициналық қызмет түрі көрсетіледі. Мекеменің өз зертханасы және консультациялық-диагностикалық бөлімшесі бар.

– Науқастарды оңалту үшін бөлімшелер ашылды. Мамандар да жеткілікті. Ауруханада күрделі жөндеуден өткен үлкен емхана бөлімшесі жұмыс істейді. Пациенттер үшін арнайы ас блогы бар. Тамақ арнайы контейнерлерде жеткізіледі. Тиімді менеджменттің арқасында орталық мамандары жаңа жабдықта, заманауи хаттамалар бойынша жұмыс істейді, – дейді аурухана басшылығы.

Аталған ауруханада жыл сайын ауыр диагнозы бар 7 мыңнан астам адам емдеу курсынан өтетінін айту керек.

Халық қалаулыларымен бет-бет кездескен медицина қызметкерлері өзекті мәселелерді тікелей жеткізу мүмкіндігіне ие болды. Нұркен Қобжанов олардың ұсыныстары ескеруіне қалмайтынын жеткізді.

– Медициналық мекемелер жаңа технологиямен жабдықталып, емдеудің заманауи тәсілдері енгізілгенімен де шешілуі тиіс бірқатар мәселелер бар. Олар облыс деңгейінде ғана емес, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің алаңдарында да қарастырылады, – деді Нұркен Сайфидинұлы.

«Тұтынушылардың құқықтарын жан-жақты және тиімді қорғауға бағытталған тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамаға түзетулер әзірлеу керек».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

бизнеспен жұмыс істеудің алдын алуға бағытталған заң жобаларын әзірледі. Бұл жерде барлық мүдделі тұлғалардың ұсынысы ескерілген, – деді Әсел Болатқанқызы.

Жаңа заң жобасында Конституцияның ережесіне сәйкес келмейтін және логикасыз міндетті тізбектілікті алып тастау ұсынылады. Сонымен қатар, түпкілікті нәтижеге қол жеткізу мерзімі де қысқартылмақ. Яғни, аталған түзетулер қабылданса, тұтынушы құқығын қорғау тәсілін өзі таңдайды. Әрі екінші тараптан құқықбұзушылық анықталған жағдайда тікелей мемлекеттік органға талап-арыз бере алады.

Ал, екінші бір өзгеріс тұтынушы құқығын қорғау мәселесі бойынша омбудсмен институты енгізіледі. Бұл жерде омбудсмен институты тағайындалған адамға ерекше жария мәртебесі беріледі. Яғни, қоғамның үйлестірушісі қызметін атқарып, жауапкершілігі артады.

– Тұтыну салаларында құқықтарды қорғаудың базалық қағидаттарын ең-

гізу ұсынылады. Ашып айтқанда, заң ережелеріне «Тұтынушылардың негізгі құқықтары» мәртебесін беру қажет. Өз кезегінде, тұтынушылардың құқығын қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың салааралық үйлестіруін күшейту ұсынылды. Одан бөлек, құқықтары бұзылған және сотқа дейінгі кезеңде кәсіпкерге шағымданса да мәселесі шешілмеген тұтынушының пайдасына сот айыппұл түрінде салатын кәсіпкердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін енгізуді ұсындық. Бұл ұсыныс – уақыт талабы.

Себебі, кәсіпкердің тұтынушылық дауды сотқа дейін шешуге құлқы жоқ. Мысалы, мынадай дерекке назар салыңыз, өңірлердегі тұтынушылық дауларды реттеу тәсілдеріне тұтынушылардың наразылығы артып келеді. Демек, кәсіпкерлердің сотқа дейінгі кезеңде бұзушылықтарды өз еркімен жоюға үлкен мүмкіндігі бар. Осыған ұқсас оң тәжірибе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерде қолданылады, – деді Еркін Салауатұлы.



Әбдіжаппар ӘБДӘКІМҰЛЫ:

«Бастысы – береке мен бірлік»

Бүгіннің паркын, ертеннің наркын бағамдау үшін кешегіні білмек керек. Ел егемендігін жариялаған кездегі ақиқаттар сондықтан да айтылуы тиіс. Елдіктің тағдыры таразыға тартылғандағы қилы оқиғалар ұмыт қалмауы керек. Бұл күнгі бейбіт өмір мен ымыра-бірлік бір күнде аспаннан түсе қалған жоқ. Оның бастауында қарапайым адамның санасына сыя бермейтін сан алуан саяси қадамдар жасалды. Соның нәтижесі біз сынап, міней беретін – осы күн. Республика күні қарсаңында кері шегініп, сол кездегі тарихты бір парактау үшін ғалым, тарихшы, профессор Әбдіжаппар Әбдікәдімұлымен сұхбат құрған едік...

– Ғалым, тарихшы, әрі Тәуелсіз Қазақстан құрғанда оның ыстық-суығын бірдей көрген, мемлекеттік қызметке еңбек сіңірген тұлғалардың бірі екеніңіз мәлім. Еліміздің етек-жеңін жыпы, Егемендік алған тұсы есіңізде шығар. Содан бері 33 жыл сынаптай сырғыпты. Дәл сонда Қазақстан қандай күйде еді? Жас мемлекеттің алдында қандай сын-қатерлер тұрды? Сол кезеңдегі мемлекеттің алды жар, арты соқпақ еді десек, артық айтыпаймыз ба?

– Жоқ, артық айтқандық емес. Расында, сол сәтте еліміздің тағдыры талқыға түскен-ді. Оған 1991 жылда Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің жетінші сессиясында еліміздің тәуелсіздігін қызу талқылануы – дәлел. Жалпы, бұл негізі айтас-тартысты қажет етпейтін мәселе болатын. Өйткені, бұрынғы одақтағы барлық республика өз тәуелсіздігін жария етіп, бекітіп алған. Жалғыз біз ғана қалған едік. Сондықтан, Заң жылдам қайбылданып, ешқандай мәселе туындамайды деген сенім берік-тін. Дегенмен, «а» дегеннен «Осы Заң керек пе?» деп депутат Чернышев шықты. Ол «Бұрынғыдай империя жоқ, сонда Қазақстан кімнен тәуелсіз болғысы келеді? Бұл әңгімені қозғай-ақ қойған дұрыс» деді. Ал депутат Козлов «Мұны бүкіл халық шешсін». Сол себепті референдумға қою қажет» десе, депутат Водолазов «Асықпайық» деп сабырға шақырған болды. Депутат Потапов «Мемлекеттік тілдер – қазақ тілі мен орыс тілі» дегенді ұсынып, депутат Жаворонков «Мемлекеттік тілдер үшеу – қазақ, орыс, ағылшын тілдері болса» деп, «айды аспанға шығарды». Міне, қарап отырсаңыз, ол кезең бүгін ұлт пен егемен елдің тағдыры тартысқа түскен кез еді.

Сонымен, он төртінші желтоқсанда басталған айтыс он алтысында тағы да жалғасты. Ендігі дау – мемлекетіміздің құрылымы мен сипаты төңірегінде өрбіді. Сол арада депутат Белик Қазақстанда азаматтық қоғам құрылғанын қалайтынын мәлім етті. Мысалға АҚШ-ты атады. Бұл дегеніңіз – сұмдық дүние. Оның төркінінде ұлттық сипат мүлдем жоғалсын деген жымсықылық жатты. Мұны депутат Филаретов қызу қолдайды. Сонымен, өткен жылы өздері қабылдаған Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияға бәрі ұлардай шулап, ашық қарсы шыққан еді.

Бұл – кешегі отаршыл ел өкілдерінің отар болған, тәуелді күй кешіп, басына нокта түскен елдің жағдайын түсіне бермейтінінің, түсіңгісі де келмейтінің жарқын көрінісі еді. Олар қорлықты-зорлықты өз бастарынан өткерген емес. Күн көру үшін, оқуға түсу үшін, қызметке тұру үшін қазақ тілін қаласа да, қаламаса да оқып үйренген жоқ. Сол себепті өмір бойы Қазақстанда тұрып жатса да, бір-екі ауыз қазақша сөйлеуді керек деп санамағандар еді. Хош делік. Ал, бүгін жағдай қаншалықты өзгерді?...

Әрине, мұнда мәселе қазақ тілінің



өзге барлық тілдерді тұқыртатындай дәрежеге көтеру жөнінде болып отырған жоқ. Ол ошақ қасының, тұрмыстың тіліне айналып, оны мемлекетте, оқуда, еш жерде қолданбайтын болып қалды. Дүниежүзілік тәжірибе, дүниежүзілік ғалымдар тіл болмаса, ұлт жоқ, ұлт болмаса, ұлттық мемлекет жоқ дейді. Яғни, біз нақты ұлт ретінде, ұлттық мемлекет ретінде құрып кетудің аз-ақ алдында қалдық. Осы орайда, Қазақстанға өз еркімен де, еріксіз де келіп, осында тұрып қалған басқа халықтардың барлығы қазақ халқының кеңпейілділігі мен ыстық құшағын қалай да ұмытпағаны жөн.

Расында да, сол жылдары, 1995 жылға қарай «Жұрттың бәрине қазақ тілін зорлап үйретеді. Егер қазақ тілін білмесең, лауазымды қызмет істей алмайсың, жоғары оқу орнына түсе алмайсың» деген қауесет тараған-ды. Ал іс жүзінде мәселе балабақшалардан, мектептердің алғашқы сыныптарынан бастап, қазақ тілін оқытуды қолға алу туралы болған.

Бұл мәселенің, түптеп келгенде, екі жағы барын ұмытпаған жөн. Егер Қазақстанда қазақ тілі емес, екі тіл мемлекеттік болса, қазақтар мұнымен ұлт, халық ретінде келіспейтіні анық. Ал егер біз тілдік принцип бойынша басқалардың бәрін шектейтін болсақ, олардың да көне қоюы екіталай. Осы жағдай ескеріліп, еліміздегі тілдік консенсус сақтау ісі қолға алынды. Ол мемлекеттік тіл – қазақ тілі, бірақ елімізде тұратын кімді болса да, тілді білмеушілік белгісі бойынша шектеуге тыйым салынды. Екіншіден, орыс тілінің қолдану аясы ешқандай да шектелмеді.

– Еліміз 1990 жылдардың басынан алдымен этнократиялық мемлекет құруға ұмтылғаны белгілі. Бұл өзгерістердің басты ұлт – қазақтардың айналасына жиналу дегенді білдірсе керек. Ол уақыттарда ұлттық құрылым құру процесі этнократиялық коннотация алған бірқатар заңнамалық құжаттар қабылданды. 1990 жылы 25 қазандағы Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация Қазақстанның түпкілікті мемлекеттік тәуелсіздікке ауысуын сипаттайтын құжат. Дек-

ларация анықтаған мемлекеттік сипат қандай еді?

– Қандай сипатты мемлекет құру мәселесіне келсек, ол былай шешілді. Қазақстан саясатта – демократиялық, экономикада – нарықтық сипаттағы ел ретінде анықталды. Өкімет билігі – дербес, тұрақты жұмыс істейтін кәсіпқой Парламентке берілген. Жоғарғы Кеңестің төрағасы болуы керек. Өз міндеттерін жүзеге асыру үшін барлық құқыққа ие, бүкіл халық сайлаған Президент сайланды.

– Мемлекет дамуының таңдаған бағыты туралы не айтар едіңіз?

– Саяси жүйе мен оның сипаты жайлы әңгіме қозғалғанда, мәселенің әрқилы үш қырын ескеру маңызды деп ойлаймын. Біріншіден, қандай да сараптау мен саяси шешімді кім қабылдайды? Әдетте демократиялық елде бұған қоғамның барлық мүшелерін қатыстырады. Алайда, іс жүзінде, бірде-бір саяси жүйе мұндай деңгейге жеткен емес және жетуі де неғайбыл.

Екіншіден, әлгіндей талдауға жоғарыда аталған шешім қабылдау процесінің өзі мен тәсілі де негіз бола алады. Шын мәнінде, жүйенің авторитарлық немесе либералдық екенін осыған қарап-ақ аңғаруға болады. Ең соңында, мәселенің үшінші қыры, қабылданатын саяси шешімдердің мазмұнына байланысты. Осы тұста бір ескеретін жағдай, кейбір саясаткерлер билік технологиясын талдауға елігіп, осы үшінші өлшемді назардан тыс қалдырып алады. Шешімнің әлеуметтік мазмұны оның теңдікке жеткізгендігімен немесе, керісінше, әлеуметтік теңсіздікті күшейтетіндігімен анықталатынын үнемі қаперде ұстаған жөн.

Айтылған ойды анықтай түсетін болсақ, әңгіме үстемдік құратын саяси мұраттар жайында болып отыр. Бүгінгі күнгі әлемдік тәжірибеден көріп отырғанымыздай демократиялық елдерде фашизммен үндес, сол бағытқа бейім партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың болуы демократиялық қағидалар мен тәртіптердің жоғалғанын көрсетпейді. Қайдағы бір қоғамдық өмірге қатысы аз, экзотикалық қозғалыстарға мейлінше мән беріп, дабырайта беру бүгінгі қоғамдық-саяси өмірге сәйкес келе бермейтінін ескерген жөн.

Бүгінгі күнгі саяси таластарда демократия, либерализм, теңдік, бостандық, ашықтық, жариялық деген ұғымдар жиі қайталаынады. Шынтуайтында, аталған ұғымдардың төркінінде не жатыр? Өйткені әлеуметтік теңдік пен теңсіздіктің деңгейі жалақының деңгейі, әрбір азаматтың табыс деңгейі, ғұмыр жасының ұзақтығы, тағы да басқа көптеген көрсеткіштер арқылы анықталады. Сонымен қатар, аталған көрсеткіштер мен өлшемдерді нақты адамдар – зерттеушілер мен мемлекет қызметкерлері береді. Олай болса, саясаттың әлеуметтік бағыттылығы деп жүргеніміз – белгілі бір топтар тарапынан туындайтын, өзгермелі және құбылмалы түсініктер мен мүдделердің күрделі жүйесінің нысанасы болып шығады.

Әдетте, демократиялық саяси жүйеге либералдық-демократиялық режим тән болып келеді. Ол құрылымның ең бір өзекті сипаты – саяси нормаларды қолданғанда конституциялық талаптар қатаң қадағаланады. Парламент, сот, Үкімет, атқарушы биліктің барлық деңгейдегі органдарының қызметіне қатаң конституциялық бақылау орнатылады. Аталған жүйенің және бір маңызды сипаты – әр алуан сая-



си құрылымдардың болуы. Осы тұста, аталған демократиялардың да бір-бірінен өзара айырмашылықтарының өте үлкен екенін де атап өткен жөн. Бұл айырмашылықтардың ерекше маңыздылығын да ұмытуға болмайды. Жинақтап айтсақ, мұның бәрі төмендегі жағдайға келіп тіреледі.

Біріншіден, негізгі балама атқарушы биліктің шоғырлануы мен бөліспелілігі болып табылады. Айталық, Ұлыбританияның бір партиялық кабинеті де, Швейцариядағы партиялық коалициясы да демократиялық ауқымда қызмет істейді. Ал бізде бүгінде көппартиялы Үкіметтің тек болашақ сұлбалары ғана анықталып келеді.

Екіншіден, саяси партиялар бағдарларындағы айырмашылық. Егер АҚШ немесе Ұлыбританияның жетекші партияларының негізгі айырмасы әлеуметтік-экономикалық мәселелерге байланысты болса, Швейцарияда, айталық, мәдени, дини, ұлттық, географиялық сипаттарға ие. Бүгінгі күн көрсетіп отырғандай біздің болашақ дамуымыздың бағыты осы аталған екінші жолға саятын сияқты.

– Бүгінде Қазақстан сол уақытта межелеген мақсат-мұратына жетті ме?

– Ауыр сұрақ. Қоғамдық, мемлекеттік, саяси мақсат-мүдденің, мұраттың бағыты жиі өзгере берген жағдайда, жетістік жайлы айту қиын. Дегенмен, біз қазақтар шүкіршіл халықпыз ғой...

– Қоғам кәзір егемендік пен тәуелсіздіктің қадір-қасиетін бағалай алып отыр ма?

– Маған билік пен халық, қоғам, жұртшылық егемендік пен тәуелсіздіктің мазмұнын әртүрлі түсінетіндей көрінді.

– Ұрпақтың Отан үшін отқа түсетіндей ұстанымы болуы үшін осы күні бізге не жетпейді?

– Негізгі мақсат – әрине, жас ұрпақтың бойында туған елге, қасиетті жерге, өскен өлкеге, Отанға деген сый-құрмет пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Отан отбасынан басталады. Ал бүгінде, әсіресе, қазақтың санын, сапасын асыратын ауылдардағы экономикалық, әлеуметтік, мәдени жағдай өте ауыр. Қаладағы жастарды қазақтың ұлттық қадір-қасиеті негізінде тәрбиелеуді қолға алу – кезек күттірмейтін мәселе.

Біз тәуелсіздік жылдары атқарылған істердің кейбіреулеріне тоқталдық. Алда міндеттер қыруар. Оларды жүзеге асыру үшін қажымас қайрат, үлкен еңбек, аса зор білім мен біліктілік, биік адамгершілік, отаншыл сана, ең бастысы, береке-бірлік керек.

Тағы бір ескерілуге тиіс мәселе. Біз соңғы кезде елімізге қатысты «Жаңа Қазақстан» атауын жиі қолданып жүрміз. Шын мәнінде, «жаңа» сөзінің салмағы, мазмұны, жауапкершілігі ауыр екенін ұмытпаған жөн.

– Тарихтың түптөркініне дейін зерттеген ғалымсыз. Егер кәрі тарихқа тіл бітсе, қазіргі қазаққа не айтар еді?

– «Тарихыңды таза ұста!» дейтін сияқты.

– Тұщымды әңгімеңізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан Қызғалдақ АЙТЖАН, «Ortalyq Qazaqstan»

• МАРАФОН

Туыстықты ту еткен велосапар

Белгілі журналист, ағылшын тілінің маманы Ернат Мелсұлы Республика күні мен Түрік Республикасының 100 жылдығына орай 100 шақырымдық велосапарын бастады. Веломарафон «соло» тәсілінде өтуде. Веломарафоншы сапарын елордадағы Түркия елшілігінен бастап, Астананы бір айналып, велошеруді Мұстафа Кемал Ататүрік ескерткішінің алдында аяқтауды жоспарлап отыр.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»



«Қазақ пен түрік – тегі, тарихы, тілі, ділі, діні жақын бауырлас халықтар. Біз мұны жақсы білеміз және өте бағалаймыз. Анадолыда тұратын түріктердің атажұрты – Қазақ елінде, алтын бесігі – Алтай. Ататүрік бастаған түрік қайраткерлері Түрік Республикасын құрып жатқанда Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш арыстары Қазақ Республикасының негізін қалады. Бұл – 1917 жыл. Бізге қазақ пен түріктің арасындағы жақындықты, бауырластықты, туыстықты тереңдете беру керек. Екі елдің азаматтары осы идеяларға шама-шарқышша үлес қосуы тиіс» деп есептейді Ернат Мелсұлы.

Велошеру кезінде велосипедке бауырлас Қазақстан мен Түркияның Мемлекеттік Тулары ілінеді. Спорттық-идеологиялық іс-шараға Түркияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Мұстафа Капуджу мырза қолдау көрсетіп отыр.

Ернат Мелсұлы былтыр Ұлт ұстазы, ірі мемлекет және қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арнап, Қазақстаннан Түркияға велосипедпен барды. Ол Түркия аумағында Ризе, Орду, Трабзон, Самсун, Чорум, ел астанасы Анкара, Конья, Ақшеһир, Ескішеһир, Бурса қалалары арқылы 5555 шақырым жол жүріп, 55 күнде Ыстамбұлға жетіп, 29 қазандағы Мұстафа Өзтүрік зиратына тағзым етіп, Абай ескерткішінің алдында Түркияның басты мерекесі – Республика күнінде аяқтады.

Велосаяхатшы Ернат Мелсұлының түпкі арман-мақсаты – дүние жүзін аралап, қазақ елін, жерін және тұлғаларын насихаттау, халықтар арасындағы достыққа, бейбітшілікке үндеу. Ол бір жүрген жерін қайтадан жүрмей, алдында аяқтаған елден әрі қарай жалғастырып отырмақ.

Егемендікке үн қосқан «Орталық»

1990 жылдың 6 қазанында «Ortalyq Qazaqstan» газетінің №230 санына журналист Серік Сексеновтің «Егемендік – ел тірегі» деген мақаласы басылды. 18 қазанда шыққан №240 санына «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның жобасы» жарияланды. Бұл хабардың бәрі қыр артынан көтеріп келе жатқан жарық Күннің сәулесіндей еді. Үш ғасыр бостандықты аңсаған ұлт демін ішке тартты. Азаттықтың ақ таңынан жылы леп есті.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Ұлтымның ұлық мейрамы қарсаңында газетіміздің мұрағатын ақтарып, сол кезеңде жарияланған мақалаларды назарларыңызға ұсындық.

Серік Сексенов Декларацияның маңызын, құндылығын талқылаған. Декларация қандай болатынын қарапайым тілмен баяндап берген. Мақала бірінші бетке басылыпты. Мақалада «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік

егемендігі туралы Декларациясының жобасын әркім әр түрлі қабылдады. Тегі қай уақытта болмасын егемендік алу оңай болып па? Негізінен, халқымыз бұл құжатты шын пейілмен, қуана қарсы алды. Көптен күткен, аңсағанымыз осы емес пе еді?» делінген. Әлдебіреулердің қарсы болғанын да, кері әрекеттер жасалғанын да ашып жазыпты. «Дегенмен, осы құжаттың баспасөзде жарық көруі кейбіреулерге ұнамай қалды. Осы уақытқа дейін «Біз – интернационалистіз» деп сөз жүзінде сайрап келгендердің бетпердесі ашылды» депті.



«Декларация жобасында көрсетілгендей республикамыз, шын мәнінде, егемендікке қол жеткізсе, алдымен оның табиғат байлықтарын қорғап, оны өз азаматтарының пайдасы үшін іске асыратын болады. Осы уақытқа дейін мақтан тұтып келген сол кен қазынамыз Одақтың үлесіне кетіп жатқанын бәріміз де білеміз. Егер, оны өзіміз тиімді пайдаланып, зейнетін көретін болсақ, республикадағы басқа да халықтарға зияны тимес деп ойлаймын».

Декларацияның жобасын Қазақ КСР Жоғарғы Советінің Төрағасы Ерік Асанбаев та таныстырған. Баяндамасы бірінші беттен басталған. Шекара, экономика, идеология және ұлттық мүдде толық қамтылғанын айтқан. Дайындалу барысында мәлімет берген. «Декларацияның жобасын әзірлеу жөнінде салмақты және білікті авторлар коллективі тер төккенін

әуел бастап-ақ атап өткім келеді. Құжат Жоғарғы Совет Президентінің және Президенттің кеңестің кеңейтілген мәжілісінде екі рет егжей-тегжейлі талқыланды. Сайып келгенде республика өзінің қарамағына дербес және тиімді экономикалық саясатты жүргізу жөнінде жеткілікті дәрежеде кен де пәрменді мүмкіндік алады» делінген.

16 қазанда басылған №238 санға Қазақ КСР Жоғарғы Советінің, Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің өкілдері «Советтік Қазақстан халқына үндеу» жариялапты. «Біз республика таңдаған дербестік, өзінің территориясындағы Советтердің толық билігін, жер мен табиғат байлықтарына ерекше правосын қамтамасыз ету бағытын халық қолдайды деген сенімдеміз» депті шенділер.

Аңсаған егемендікке жету үшін газетіміз осылайша үн қосыпты.



«Даму» ашқан даңғыл жол

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев экономикалық саясаттағы кәсіпкерлердің ролін атай келе: «Экономика мен еңбек нарығының қозғаушы күші – шағын және орта кәсіпкерлік болуы тиіс», – деген болатын VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында. Сонымен қатар, Президент «Азамат – бизнес – мемлекет» ұштағанын терең қайта құру арқылы бизнесті дамытуға жаңа серпін беруді тапсырды. Арнайы баспасөз турында мемлекеттің кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі саясатын жүзеге асырып отырған, бизнеске, оның ішінде кәсібін жаңа ашқандарға мемлекеттік қолдауда өз үлесі бар «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ аймақтық бөлімшесі жұмысымен танысып, көмек алған мекемелерді көзбен көрудің сәті түсті.



– Қор құрылған кезден бастап, елде жалпы несие сомасы 11,4 трлн. теңге болатын 197 мыңға жуық бизнес-жобаны қолдады. Кәсіпкерлікті ынталандыру ел экономикасы дамуына ықпал етеді. Мемлекет тарапынан қолдау көрсетудің нәтижесінде отандық тауарлар мен қызметтер өндірісі дамып, халықты жұмыспен қамтып, тауар импорты азая бастады, – деді аймақтық филиал директоры Әсет Тілемісов.

Бизнесті қолдау және дамыту бағдарламалары іске қосылған кезден бері, облыста кәсіпкерлердің 356 млрд. теңге болатын 5974 жобасы субсидияланып, 3424 жоба «Даму» қорынан 48 млрд. теңгелік кепілдік алған.

– Ал, биылғы жылдың басынан бері 393 жоба 24 млрд.теңгеге субсидияланса, 349 жоба 5,3 млрд.теңгелік кепілдік алды, – дейді филиал директоры.

50 пайыз кепілдік

Баспасөз туры аясында «Altynama Geosynthetic» ЖШС бас сұхбаты. Кәсіпорны «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» бағдарламасы бойынша «Даму» қорынан несие сомасының 50%-ына кепілдік түрінде қолдау алды.

«Altynama Geosynthetic» ЖШС – жоғары сапалы геосинтетикалық материалдарды өндіруге және жеткізуге маманданған жетекші компания. Геосинтетика – қоршаған ортаны қорғау, топырақтың геотехникалық қасиеттерін және инженерлік құрылымдардың беріктігін жақсарту үшін қолданылатын заманауи материал.

«Altynama Geosynthetic» геомембрана шығарады. Бұл – гидроқашаулау, ылғал мен химиялық заттардың енуіне жол бермеу үшін қолданылатын пластикалық полимерлі пленка. Геотекстиль болса, топырақты нығайту, суды сүзу және эрозияны болдырмау үшін қолданылатын материал. Ал геотор – топырақты нығайту, беткейлердің тұрақтылығын қамтамасыз ету және топырақтың жылжуын болдырмау үшін қолданылады.

– Біз «Даму» қорымен бұрыннан тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейміз. Субсидиялау мен кепілдік тетіктерін



пайдаланып келеміз. Субсидияланған несие арқылы біз өзімізге керекті аппараттар сатып алдық. Біздің қарамағымызда бірнеше зауыт бар. Соның бірінде жаңа өнім шығару үшін техника жеткіздік. «Altynama Geosynthetic» компаниясы тұтынушыларға халықаралық стандарттарға сәйкес келетін сапалы және сенімді геосинтетикалық материалдарды ұсынады. Сонымен қатар әртүрлі инженерлік және қоршаған ортаны қорғау жобалары үшін онтайлы шешімдерді әзірлеуге көмектесу арқылы өз тұтынушыларына кеңес береді және техникалық қолдау көрсетеді, – дейді «Altynama Geosynthetic» ЖШС құрылтайшысы Ренат Минхаиров.

Жеті пайыздық қолдау

Кепілдіктен бөлек «Даму» қоры кәсіпкерлерге несие алғанда пайызын жеңілдетіп қолдау көрсетеді. Биыл бұл – 7 пайыз. Баспасөз турында келесі барған ұйым – 2023 жылы «Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін өңірлік қаржыландыру» бағдарламасы аясында «Кәсіпкер» жобасымен көмекке не болған «Invictus Karaganda» ЖШС спорт клубы.

– «Invictus Karaganda» ЖШС – бұл үлкен спорттық нәтижелерді дамытуға және қол жеткізуге арналған клуб. Біз – 2023 жылдың ақпан айында ашылдық. «Даму» қорынан 50 млн. теңге субсидия алдық. Бұл қаражатты фитнеске арналған

заттарға жұмсадық. Осы залдағы тренажерлердің біразы осы ақшаға алынды. «Invictus» атауы латын тілінен аударғанда «жеңілмейтін» дегенді білдіреді. Клуб спорттың әр саласында әртүрлі жаттығулар мен бағдарламаларды ұсынады. Әр спортшыға кәсіби қолдау көрсетеді, олардың жетістікке жетуіне атсалысады. Мұнда арнайы мамандар жұмыс істейді. Жиырмадан астам жаттықтырушымыз бар, – дейді «Invictus Karaganda» ЖШС басшысы Дмитрий Бердников.

Тур соңында «Даму» қоры мамандары Қарағанды кәсіпкерлері үшін жақсы жаңалықпен бөлісті. Қор облыстағы кәсіпкерлерді жеңіл несиемен қаржыландыру мақсатында «Кәсіпкер» атты өңірлік бағдарламаны іске қосқан. Жақында осы бағдарлама аясында «ЦентрКредитБанк» 200 млн. теңге салынды. Ол қаржыны бағдарлама шарттары бойынша Қарағанды облысында бизнесін тіркеп, жұмыс істеп жатқан шағын және орта бизнес өкілдері жеңілдетілген несие ретінде алады. Бір кәсіпкерге 50 млн. теңгеге дейін беріледі.

Несие – инвестиция, айналым қаражатын толықтыруға жұмсалуды тиіс. Несие мерзімі – 5 жылға дейін. Жылдық мөлшерлемесі – 7%.

Мұндай жеңіл несие алу үшін кәсіпкер экономиканың басымдық берілген салаларында қызмет етуі тиіс.

Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ

Өңдеуші кәсіпорындар – экономикаға тірек



25 қазан
РЕСПУБЛИКА
КҮНІ

Аймақта өңдеуші кәсіпорындарды қолдап, инвестор тартуды ілгерілетуге баса назар аударылып келеді. Осыған орай, Ұлттық экономика министрімен бірлесіп, бірқатар салық төлемдерін республикалық бюджеттен жергілікті қазынаға қайтару схемасы кезең-кезеңімен жүргізілмек. Өнеркәсіп және индустриалды-инновациялық даму басқармасының дерегіне, бүгінде облыста өңдеу өнеркәсіптердің үлесі 75 пайызға жеткен.

– Соңғы үш жылда бұл бағыттағы өнім шығару көлемі 26 пайызға, ал таза табыс 600 млрд.теңгеге артқан. Былтырғы жылы Қарағандылық тауарлар Қытай, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, БАӘ, Ресей, Еуропалық одақ аумағына, бас-аяғы 40-тан астам елге экспортталған. Олардың арасында мыс, феррокорытпа, машина жасау саласына қажетті бұйымдар, құрылыс жабдықтары, химия және жеңіл өнеркәсіпке арналған өнімдері, сондай-ақ, сым бұйымдары бар. 2023 жылдың жеті айында өңдеу өнеркәсіптеріндегі өнім көлемі шамамен 1,5 триллион теңгені құраған. Болашақта машина жасау саласындағы өңдеу ауқымын 10 пайызға жеткізу жоспарланып отыр, – деп мәлімдеді облыстың өнеркәсіп және индустриалды-инновациялық даму басқармасының басшысы Дарын Бұлқайыр.


Аймақтың көмір өңдеу саласында оң серпін бар. Бұл бағытта кара металлургия кәсіпорындарында заманауи озық әдістер қолданыса енгізілгенін айта кеткен жөн. Мәселен, «Asia Ferroalloy» алаңында металлургия саласына қолданатын күлі төмен жоғары сапалы көмір концентратын шығаратын байыту зауыты салынды. Былтыр ERG компаниясы Шұбаркөл кенішінде қызуы жоғары сапалы көмір өндіру ісі қолға алынғаны мәлім.

– 2023 жылдың аяғына дейін компания кокс өндіру бойынша ірі инвести-

циялық жобаны бастайды. ERG 2030 жылға дейін құны 1,5 триллион теңгені құрайтын 55 инвестициялық жобаны игеруді межелеп отыр. Атап айтар болсақ, оның 33-і өңдеу өнеркәсібіне тиесілі. Осы жобаның игілігі арқасында облыстағы металлургия, құрылыс индустриясы, машина жасау, химия өнеркәсібі, қағаз өндірісі сияқты салаларда жаңа өндірістер қатарға қосылмақ. Тек биыл құны 125 млрд.теңгеге бағаланған 11 жаңа өндіріс орны іске қосылып, 2 мың адам жұмысқа тартылған. Осы жылдың тағы бір тың жаңалығы, «Сарыарқа» АЭА аумағында «Литейшик» гофрленген құбыр шығаратын зауытта селен тазартатын және асыл металды өңдейтін жаңа цех қатарға қосылды, – дейді Дарын Бұлқайыр.

Осылайша, өңірдегі өнеркәсіп және индустриалды-инновациялық даму басқармасы облыс көлеміндегі ірі өнеркәсіп орындарына тапсырыс беру арқылы жергілікті тауар өндірушілерді барынша қолдап отыр. Сонымен қатар, бүгінгі таңда «АрселлорМиттал Теміртау» және «Қазакмыс» корпорациясы аясында орта және шағын бизнес белдеуін құру жөнінде қосымша жұмыстар жүріп жатыр. Елдің назарына салар және бір жайт – облыс аумағындағы 38 кәсіпорын аймақтық мәртебесін иеленді. Ол бойынша 13,2 млрд. теңгеге келісімшарт жасалған.

Айтбала СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫ



Денсаулық саласы жанданар күн алыс емес

Аймақта биылғы жаздан бері салына бастаған 14 ауылдағы фельдшерлік акушерлік пункттің құрылыс-монтаж жұмыстары жүріп жатыр. Облыстың құрылыс басқармасында хабарлағандай, құрылыс жұмыстары қарашада аяқталады деген жоспар бар. Аталған 14 фельдшерлік акушерлік пункт «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында қолға алынған жұмыстардың бір бөлігі ғана. Екі жылға жоспарланған жоба бойынша облыстың ауылдық елді мекендерінде 92 медициналық мекеме бой көтеруі тиіс. Оның жартысына жуығы биыл қолға алынса, қалғаны келер жылдың енішінде қалады. Бұл ауылдардағы денсаулық сақтауды жақсартуға, бастысы, маман тартуға жақсы бастама болмақ.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әуелі – нысан

Жоба бірінші кезекте алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін нысандарды салуды көздейді. Себебі, ауылдардағы медициналық нысандардың басым көпшілігі тозып тұр. Жалдап отырғандары да жетерлік. Мұндай жағдайда мемлекет көтеруді талап етіп отырған медициналық көмектің сапасы, Денсаулық сақтау министрлігі баса назар аударатын «алтын уақыт» қағидатының орындалуы туралы айтудың өзі артық. Бұл мәселені шешуді қолға алған Денсаулық сақтау министрлігі ел бойынша барлығы 655 ауылда медициналық нысан салуға кірісті. Аймақта бой көтеретін 92 нысанның құрылысына республикалық және облыстық бюджеттерден 21,3 млрд. теңге бөлінген. Жоғарыда айтқанымыздай, оның 14-інің құрылысы жыл соңына дейін аяқталуы тиіс.

Қазіргі уақытта тағы 27 нысанның жобалық-сметалық құжаттары дайын. Бұлар – Қарқаралы ауданының Сарыобала, Қызыл ту, Бесоба, Қарабұлақ, Жаңа-тоған, Жарлы, Талды, Абыз, Белдеутас, Борлыбұлақ, Өсібай және Айрық ауылдары. Шет ауданының Еңбекшіл, Ақсу, Қарамұрын, Дария, Қызылқой, Ақшоқы, Еркіндік, Ақой, Талды, Кеншоқы, Батық ауылдары. Сонымен қатар, Бұқар жы-



рау ауданының Самарқан және Тасауыл ауылдары. Басқарма мен «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» РМК арасында келісім жасалды. Сараптама номерлері берілді. Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым бойынша жобалаумен айналысатын «Күмбездас» ЖШС, «Шабьт-21» ЖШС және «Макет-Строй» ЖШС-мен келісім бар. Облыстың құрылыс басқармасында хабарлағандай, нысандардың жобасын қараша айының соңына дейін алу жоспарланған. Бұдан басқа 48 нысан бойынша жұмыс басталды.

Денсаулық сақтау басқармасының дерегі бойынша облыста қазіргі уақытта 7

аудандық орталық аурухана, 4 ауылдық аурухана, 60 дәрігерлік амбулатория, 47 ФАП пен 143 медициналық нысан жұмыс істеп тұр. 2017 жылдан бері жалпы сомасы 3,5 млрд. теңге болатын 31 медициналық нысан салынды. Ал, 2021 жылы «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша 7 фельдшерлік амбулаториялық нысан ашылған. Одан бөлек, соңғы үш жылда 23 нысан жөндеуден өтті.

Кейін – заманауи техника

Әрине, олардың бәрінде заманауи аппараттар мен құрал-жабдықтар табыла

бермес. Дегенмен, соңғы үш жылда 2,7 млрд. теңгеге медициналық техника мен санитарлық автокөлік сатып алынған. Денсаулық сақтау басқармасы басшысы Бибігүл Төлегенова ауылдық елді мекендердегі медицинаны дамыту бойынша жақында өткен конференцияда ауылдардағы медициналық инфрақұрылым біртіндеп жаңарып келе жатқанын айтқан еді.

– КТ аппараттары, ӨЖЖ аппараттары, маммографияға арналған жылжымалы рентгенографиялық кешендер, видеоэндоскопиялық жүйелер, ота жасау үстелдері және басқа да техника жаңарды. Сонымен бірге, 60 автокөлік, 7 жылжымалы медициналық кешен мен осынша жылжымалы дәріхана пункті алынды. Биыл Осакаров және Қарқаралы аудандарында екінші деңгейлі инсульттік орталық ашылды, – деді ол.

Бүгінде ауылдық ауруханаларда тәулік бойы жататын 375 орын, күндізгі стационардың 327 орыны бар. Оның ішінде, гемодиализге арналған 12 орын жабдықталған.

Соңғысы – білікті маман

Жұмыс істеп тұрған, салынып жатқан медициналық нысандарды қажетті мамандармен қамтамасыз ету де оңай болмай тұр. Айтылып та, жазылып та жүргендей ауылдарда медицина мамандары қат. Бұл ретте облыс биыл өзгелерден бірінші болып, ауылдық жерлерге баратын мамандарға жаңа әлеуметтік қолдау көрсетуді қолға алды. Ол – бәріміз білетін «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы аясындағы көтерме шараларынан бөлек, қосымша қаржылық қолдау. Аса қажетті деген жалпы тәжірибе дәрігерлері, анестезиолог-реаниматологтар, акушер-гинекологтар мен педиатрлар 5 миллион теңгеден алады. Кардиолог, хирург, невропатолог және офтальмолог сияқты бейінді дәрігерлерге – 3 миллион теңгеден, ал орташа медициналық қызметкерлер, акушерлер мен фармацевттерге 1,5 миллион теңгеден беріледі.

– Бұл – тікелей облыс әкімінің қолдауымен жүзеге асқан бастама. Бүгінде ауылдарға 47 маман барды. Бірақ, бұл тапшылықты толық жаппайды. Қарашаның ортасына дейін мамандардың келуін күтеміз. Медбике, фельдшер мен акушерлердің 56 орны бос тұр. Жалпы, ауылдық жерлерде 1 698 медициналық қызметкер еңбек етуде. Оның 342-сі дәрігер, 1 356-сы – орта медициналық қызметкер, – деді Бибігүл Райханқызы.

Абай ауданының аудандық ауруханасының директоры Айгүл Башекова жұмысқа 11 маманның келгенін айтады.

– Оның сегізі – дәрігер, қалған үшеуі орта медициналық қызметкер. Үш акушер 1,5 млн. теңгеден, біреуі – 3 миллион, жетеуі 5 миллион теңгеден алады. Құжаттары комиссияға жіберілді, шешімін күтіп отырмыз, келесі апта болуы керек. Әзірге тек екеуі ғана қаражатын алды. Бұл мамандар «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы бойынша бір реттік 5 млн. 175 мың теңге алады. Баспанамен қамтамасыз етілді, туыстарында тұрып жатқаны да бар, – дейді Айгүл Жорабекқызы.

Жас маман Саидқар Қанатов Бұқар жырау ауданы Тоғызқұдық ауылына келгеніне көп болмапты. Биыл оқуын бітіре салысымен мемлекет алдындағы міндеттемесін орындауға ауылға келген.

– Резидентураны радиолог мамандығы бойынша бітірдім. Мұнда жалпы тәжірибе дәрігері ретінде орналастым. Үймен қамтамасыз етті. Адамдары да қарапайым, үйреніп келімін. Үш жылдық міндеттемем аяқталғаннан кейін жұмыс істеуге мүмкіндік, жағдай болса, қалатын шығармын. 5 миллион теңге енді беріледі. Күтіп жүрміз. Анамның көзіне ота жасатқым келеді, – дейді жас маман.

Денсаулық сақтау министрлігі ауылдық елді мекендерге баратын мамандарды көтермелеу үшін бір реттік қаржылай көмек көлемін 10 млн. теңге жеткізбек. Бұл жоба қазіргі уақытта Мәжіліс депутаттарының талқылауында.

Аймақ ауылдарына маман әлі де керек. Бұл мәселені шешуді жергілікті билік алдағы екі жылдағы басты міндет деп біледі.



• ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

«Қазақстан Республикасына қызмет етемін!»

Қазақ елінің өз алдына егеменді ел екендігін анықтайтын тұңғыш ресми құжат – Тәуелсіздік декларациясын қабылдағаннан кейін дербес ел ретінде өз алдына шекарасын шегендеп, мемлекеттік құжаттарын рәсімдей бастады. 1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы Конституциялық Заңы қабылдана, 1992 жылы 7 мамырда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылды. Осы орайда, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлері «Астана» өңірлік қолбасшылығына қарасты Қарағанды облысының Приозерск қаласында орналасқан 06708 әскери бөлімінің Қазақстан Республикасының еркіндікке қол жеткізген күнінен бастап, жылдар ағымымен жеткен жетістіктеріне тоқталғанды жөн көрдік.

Көп жылдық тарихы бар 06708 әскери бөлімі Кеңес армиясының Орта Азия әскери округі құрамында артиллериялық бригада болып, 1975 жылы Алматы облысының аумағында құрылған. Артиллериялық бригаданың бірінші командирі болып, майор Валентин Новиков тағайындалған. Әскери бөлімді әр жылдары түрлі әскери шендегі Ю.Сиджах, И.Пеньковский, А.Чучаев, Д.Скворцов, Г.Бобков, В.Ходаев, Е.Аманбаев, Д.Есхожин, Г.Жүнісов, А.Биназаров, Е.Аманжолбаев, Ж.Жақұпов және Е.Батырбеков есімді лауазымды тұлғалар басқарып келді. Бүгінгі күнде 06708 әскери бөлімінің жеке құрамына подполковник Жасұлан Абеков басшылық етіп келеді.

Құрамында он бес республикасы бар Кеңестер Одағы ыдырап, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін 1992 жылы аталған артиллериялық бригада жаңадан құрылған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрамына зенбіректік артиллерия бригадасы болып енеді. 06708 әскери бөлімі осы сапта 1993 жылы зымыранды-зенбіректік артиллерия бригадасы деген атауға ие болады. 1999 жылы зымыранды-зенбіректік артиллерия бригадасы қайтадан жасақталып, 2003 жылдың күзінде Қарағанды облысының Приозерск қаласына қоныс аударады. Артиллериялық құрамның Қарағанды облысының тарихында «Қоржынтүбек» деген атаумен қалған, Балқаш көлінің жағасында орналасқан Приозерск қаласына көшірілуі тегін емес еді. Өйткені, осы әскери қалашыққа жақын орналасқан «Сарышаған» полигонының алыс қашықтықтағы артиллериялық атыстарға қолайлы

болуына және жауынгерлік оқу-жаттығуларда артиллерия мамандығын меңгеруді шыңдауда зор пайдасы бар екендігі аян.

Бүгінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің артиллерист-жауынгерлерінің қата-

зымырандық құрылымдарымен өткізілген арнайы дайындықтың қорытынды сабақтарын өткізуді қамтамасыз етуге атсалысты.

06708 әскери бөлімінің әскери қызметшілері 2019 жылдың тамызында «Сарышаған» полигонын-



рында сап түзеп жүрген 06708 әскери бөлімінің жеке құрамы Отан алдындағы мінсіз қызмет пен Ракета әскерлері және артиллерия шоктығын биікке көтеруде аянбай тер төгіп келеді.

2019 жылдың мамыр айының басында бөлімнің жеке құрамы «Сарышаған» полигонында Беларусь Республикасы Қарулы Күштерінің

да өткен Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінің Зымыран әскерлері және артиллерия бөлімшелері бірлескен оқу-жаттығуының маңызды бөлімінің тыңғылықты атқарылуына белсене қатысты. Аталған оқу-жаттығудың қорытындысы бойынша сол кездегі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің



Зымыран әскерлері мен артиллерияның қолбасшысы полковник А.Жоламанов 06708 әскери бөлімінің жеке құрамына өзінің шексіз ризашылығын білдірді.

Соңғы жылдары, жауынгерлік даярлықтағы оқу жылдарының қорытындысында 06708 әскери бөлімінің жеке құрамы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлері «Астана» өңірлік қолбасшылығының әскери бөлімдерінің арасында үздік танылып, алдарына жаң салмай келеді.

Биыл Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлері деңгейіндегі батарея командирлерінің арасындағы сайыста 06708 әскери бөлімінің намысын қорғаған батарея командирі, капитан Улан Әшемханов жүлделі үшінші орынды иеленіп, әскери ортадағы жеке құрамның жа-

уынгерлік даярлығының жоғары деңгейде екенін көрсетті.

Жақында ғана қызметтік барысымен 06708 әскери бөліміне келген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің Бас қолбасшысы генерал-майор А.Жүсіпов артиллерист-жауынгерлердің қызметіне көңілі толатынын жеткізіп, олардың жауынгерлік әзірлігіне оң баға берді.

Егеменді еліміздің айбынды армиясының артиллерист мамандары топтасқан ортадан қанат қаққан әскери шенді лауазымды тұлғалар арасынан бүгінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің сапындағы жоғары лауазымды қызметтерге тағайындалып, өздерінің Отан алдындағы адал қызметтерімен биіктерден көрініп жүргендері де баршылық.



Жақында ғана «Жағалау» оқу-жаттығу полигонында өткен «Батыл тойтарыс – 2023» стратегиялық командалық-штабтық әскери оқу-жаттығу жынына қатысқан Қазақстан Республикасының Президенті – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сөйлеген сөзінде: «Бүгінде әлемдік қорғаныс жүйесінде ауқымды өзгерістер болып жатыр. Қазіргі ұрыстардың әдіс-тәсілдері де басқа, әсіресе, гибридік соғыс түрлері кең таралуда. Шабуылдар әскери ғана емес, ақпараттық, психологиялық, саяси, экономикалық, және басқа да сипат алуы мүмкін. Сондықтан, Қазақстан армиясы кез келген сын-қатерге дайын болуы қажет. Бұл – заманауи әрі кәсіби әскерге қойылатын басты талап. Біздің бір ғана Отанымыз бар. Ол – Қазақстан. Елімізді, жерімізді, азаматтарымызды қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оларды қорғау – баршамызға ортақ қасиетті парыз!» – деген еді. Бұл ретте айтарымыз, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлері «Астана» өңірлік қолбасшылығына қарасты 06708 әскери бөлімінің жеке құрамы мұнымен тоқтап қалмасы анық. Алда биік асулардың белесін бағындыру керектігі белгілі. Сондықтан, Отан алдындағы қызмет пен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы тапсырмаларын бұлжытпай орындауда 06708 әскери бөлімінің жеке құрамы бойдағы бар күш-жігерлерін жұмсауға әрқашанда дайын.

ПРИОЗЕРСК

Тілек КЕНЖЕБЕКОВ,
Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагері,
Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы

Суреттерді түсірген,
Думан Құрманғалиев

Ақсауыт киген сарбаздар

Ертеде шапса қылыш, түйресе найза өтпес ақсауытты тек елді қорғау жолында қан мен тер төккен қолбасшы баһадүрлер кісе керек. Ал, бүгінгі таңда батыр бар ма деген сұраққа жауап әр түрлі болмақ. Әрине, әркімнің өз идеялі, батыры бар. Отбасын асырау жолында жанын салып жұмыс істеген қарапайым кенші де бала-шағасы үшін батыр. Десек те, Алпамыс, Қобыландыдай жау жайратқан батырлар қазір жоқ қой деп түйеміз. Мұнымыз кәте пікір. Бар батырлар. Бейбіт күннің батырлары. Ол Қазақстан Республикасының арнайы дайындықтан өткен құпия жасақтары. «Бүркіт», «Арлан», «Арыстан», «Сұңқар» секілді атауларды естіп не едіңіз? Қай жерде қылмыстық топтың қурықталуы тиіс болса, соны жүзеге асыратын осы жасақтар. Енді ойланшы, қылмыстық топ болған соң қарусыз жүрмейтіні хақ. Қару бар жерде, қауіп бар. Сұсты кара бетпердедегі сарбаз ештеңеден сенскенбейді. Бір ғана міндет – берілген бұйрықты бұлжытпай орындау. Тап осындай жасаққа сарбаз болу оңай ма, қалай ойлайсыз?! Әскерге әзер баратын мына заманда арнайы жасақ тұрмақ, 40 күндік әскери қызметке шыдамай жатқан жігіттер де жоқ емес.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

75 шақырым – үміт пен өкініш жылы

Өңгіменің әрісі ауылда туып-өскен қарапайым қара домалақ ұлдың асқақ арманынан басталды. Айтуар Асқар – тоғыз баланың кенжесі. Бала кезден арманы – арнайы жасаққа қызмет ету. Міне, бір мүмкіндіктің шеті шығып «Бүркіт» арнайы жасағына өтпек. Сол жолда ол өзін төрт жыл сынайдی. Төрт рет құлап, қайта тұрып, 5-ші мәртеде, әйтеуір, жасақ қатарына ілігеді. Оған «Қазбат» деген лақап ат беріледі. Арнайы жасақ сарбаздарының әрқайсысында өзіне тиесілі лақап аттары бар. Ол – тәртіп. Естеріңізде болса, «Қазбат» деген кино да түсірілген болатын.

Жасақ қатарына ілігудің өзі еңбек пен дайындық, термен келсе де, алда «күрең берет» жолындағы күрес күтпеді жас сарбазды. «Күрең берет». Жалшыға беймәлім, ал, әскери қызметте жүргендердің асқақ арманы, ерлік пен табандылықтың белгісі. Орысшасы «красновый берет». Бұл ал қызыл бас киімнің атауы қан мен тердің арқасында келген дегеннен шықса керек. 2014 жылы Айтуар Қазақстан бойынша «Осы күрең беретті алам» деп алдына мақсат қойған 180 сарбаздың бірі еді. Бұл жолда оны 75 шақырымдық «ауыр өткел» күтіп тұрды. Келініп үкілеп, құйрық-жалын шарт түйген байге аттары 30-35 шақырым қашықтықты буыны босап әрең өтеді. Адамға 75 шақырым жүгіріп өту мүмкін бе? Оның үстіне 25 келілік қару-жарақ, су мен сарбаз тамағы бар. Оған сарбаздың өз салмағы қосылғанда шамамен 100-120 келі болады. Осының бәрі сарбазға ауыр соғары айтпаса да айық.

ТМД елдерінде «күрең берет» тапсырмасының ең ауыры Қазақстанда. Мысалы, Ресейде 12 шақырым болса, біздің елде 75 шақырым. Бергін келе, бұл тапсырмалар жеңілдетіліп 75 шақырым 12-ге қысқарды. Десек те, Ресейдің «күрең берет» иегерлерінің жағдайы анағұрлым жақсы. Оларға пәтер беріледі, үстемақы да қарастырылған. Ал бізде ше?!...

Алғашқы кезең 100 метрлік қашықтыққа белгілі бір уақыт аралығында жедел жету.

Одан соң беліндегі қанжарға немесе сапер күрегін лақтырып нысанаға қадау және арнайы радиобайланыс құрылғысын (приемная рация) жинап іске қосу. Сынақтың алғашқы кезеңінде 180 сарбаз 150-100 сабазға аязайды.

– Радиобайланысты уақытпен жинап, оны іске қосу біліктілікпен сабырды талап етеді. Бұл тапсырмада қарсы бағытта тұрған БТР танкіге байланысқа шығу міндеті бар. Жалма-жан радиобайланыс қондырғысын іске қосып, ондағы, мысалы 25,60 желісін тауып танкіге байланысқа шығу керек. Сенің байланысыңды сол мезетте танкідегі сарбаз қабылдауы керек. Қабылдамаған жағдайда уақыт өтіп, тапсырма толық орындалмаған болып саналады. Уақытпен есептелер бұл сынақтардың бірінен өте алмаған жағдайда «күрең беретті» алу мүмкіндігі де шектеле түседі, – дейді Айтуар Кенжебайұлы.

Расында, 75 шақырым бұл тек қару-жарақ асынып, қашықтықты жүгіріп өту ғана емес екен. Арасының ең азы 5 шақырым, ал ең ұзағы 20 шақырымдық бөгеттер мен тапсырмалар, сарбазға тұсау болары өзсіз. Бұл сынақтан соң сарбаздар ұзын сонар қамысты әрі батпақты өзенді кешіп өтуі керек. – Қазан айының басы. Астана күні ызғар. Судың температурасы шамамен – 11-12 градус. Оның біз өтер өткелінің тереңдігі 50-60 метр. Қаруды қос қолдап ұстап, төбемізге көтеріп, үстіміздегі киіммен суға қойып кетеміз. Сазды су аяққа жабысып, үстіміздегі киім шылқыл, бағанағы 100-120 келі салмақ екі еселене түседі, – деп тағы бір түйді «күрең берет» иегері Айтуар Асқар.

Сарбаздар қанша сабыр қылса да, мұздай судың ызғары сабырды сарқылтады-ақ. Аяқтары тартылып, біршама сарбаз дәл осы тұста сынақтан сүрінеді. Айтуар Асқар «күрең беретке» тапсырғандағы сынағынан алғашқы жылы құлайды. Алайда, алған бетпен қайту оған жат. Келесі жылғы кезегін ол физикалық арнайы дайындықпен асыға күтеді. 5-6 жылдап сүрініп, қайталап тапсырып жатқан сарбаздардан Айтуардың бағы басым болып, айы оңынан туады.

Сынба, сарбаз, сынба!

– Батпақты өзеннен өткен соң «Алдыңғы шептен шабуылға тойтарыс беру»

сынағы беріледі. Ол дегеніміз автомат кезеніп, тізерлеп отыру, яғни, алдындағы жауға жолдасыңды қорғай отырып, тойтарыс беру. Осылайша кезек-кезек әр сарбаз белгілі бір қашықтықты артқа тастаймыз. Бұл сынаға да қатардағы сарбаздардың біразы төтеп бере алмай сынақты аяқтауға мәжбүр болады. Қалған 40-50 шақты сарбаз сапардан танбай әрі қарай жалғастырады.

Бұдан соң 10 шақырым жүгіріп өтіп, бекініс шұңқырын қазу (окоп қазу). Шұңқырды тұрып емес, бір қырымызбен жатып және өз бойымызға шақтап қазамыз. Себебі, тұрған сарбаз оққа ұшуы мүмкін. Келіп жеткен сарбаздар арасы 5 метрден бір сызыққа жата қаламыз да, күректен жер қаза бастаймыз. Шұңқырдың ұзындығы бойымызға, ені 60 сантиметр, тереңдігі 30 сантиметр болуы шарт. Сенің қандай жерге жатарың беймәлім. Тастаққа немесе сазды аймаққа түсіп қалуың бек мүмкін. Мұндайда саған жаны ашып, басыңнан сипар ешкім жоқ. Тақса кезіккен, су болып тесу – міндет. Тексеру комиссиясының талабы бойынша, қазылған шұңқыр қырлы, әрі топырақ түспелесті тұзу қазылуы керек. Сонда ғана бұл сын өткерілді деп саналады, – делі Айтуар Асқар.

Осыдан кейін сарбаздар тағы 10 шақырым жүгіріп, «Жасырын түрде қозғалу» тапсырмасын алады. Онда етбетінен жатып, шынтақпен еңбектеу арқылы 50 метрді өту керек. Сынақ арасында ешқандай демалыс жоқ. Сынақты ерте аяқтаған үздік сарбаздардың ғана бой жазуға 1-2 минут уақыты бар. Дәл осы сәтте қалған 50-60 сарбаздың біршама аясырап, беріле бастайды. Белге ілген қос 0,5 бөтелкедегі суды тек тамшылата ғана ішу керек көрінеді.

– Сарбаздар өздеріне «Кетанов», «Кетарол» сынды дәрілер салып жатады. Өйткені, мақсат біреу. Ол – «күрең берет». Жолда уақыт үнемдеп жедел жерге алдымен жеткен сарбаздар жүрек жалғамалқа қоржынындағы шайқасыққа қол салғанда сол шайқасықтың салмағын бар тәнімнен сезінеді. Өйткені, сапар алыс, күш сарқылуы. Айдаладағы меніреу даланың әр дыбысына, тіпті, нан шайнағандағы жағынның дауысына ызаң келетіндей болады. Сапар басында, керек ыдыстарды су құйғыш (фляжка) қасық пен күрешкени арнайы маталарға орап



сылдырламастай етіп саламыз қоржынға. Себебі, орта жолда титтей дыбыс жүйкеге тиерін ау бастан үйретеді командирлер. Қатты шаршағандан сарбаздардың көзіне түрлі елестер (галлюцинация) елестейді. Тән қанша тәссе де, ми шаршап, абдырап қалады. Мұндайда тек бір мезетті ойлау керек. Ол – ел алдындағы борыш, отбасының сенімі, алға қойған мақсатыңнан танбау. Бұл – үміттің жетегі, – дейді Айтуар Асқар.

Дымы құрыған сарбаз айдалады. Сынақтың таусылар түрі жоқ. Бұл тек нағыз ердің басынан өткен сәт. Алда «Жаралы жауынгерді қауіпсіз аймаққа сүйреу» тапсырмасы.

– Одан әрі «Газ түтікшесімен жүгіру» (противогаз киіп 400 метр жүгіру). Өзі әрең келе жатқан сарбаз газ түтікшесін кигенде мүлде тынысы тарылып талықсып кетуі мүмкін. Мұндайда сарбаздар біріне-бірі қарасып, жағынан шапалақтап оятып сынақтан сүрінбеулерін қалағалайды. Не керек, әйтеуір, қатарымыз 20 сарбазға кеміді. Келесі тапсырмаға дейін 1-2 минут уақытымыз бар. Шөлдегеніміз сонша, суды бөтелкесімен бірге жүтудің аз алдындамыз. Бірақ, суды шөлдедім деп сіміре беруге де болмайды. Суалған дене бір демнен суды көп қабылдаса, аяқ-қол тартылып қалады, – дейді Айтуар Кенжебайұлы.

Бұдан кейін «Картамен бағдарлау немесе әскери топография». Бұл – берілген бағытты компаспен дұрыс анықтап дйттеген жерге уақытылы жету. Айтуардың сөзінше, сарбаздың біразы адасады. Дұрыс бағыттан танып, уақыт жоғалтады. Бұл тапсырманың орындалмауына әкеп соғады. Өлдім-талдым деп ақыры түнгі түнеу нүктесіне жеткенде сау-сақтан санар сарбаз ғана шатырға енеді. Шатырға еңбектеп болсын кірдім дегенің, «күрең беретті» алдым дегенге саяды. Бұл да көңілді көншітер сарбаздың өз ойы. Алда әлі 4 тапсырма бар. Олар «оқ дәрі тасымалдау», «кедергілер жолағы», «өз қаруын тексеру» және соңғысы «жекпе-жек».

Ақтық сын немесе «күрең берет» үшін күрестің мәресі

– Ең қиыны болдырып келгенде әрқайсы 3 минуттан 3 жекпе-жекке шығу болды. Қарсыластар тың отырған «күрең

берет» иегерлері. Ойланшышы 75 шақырым жүгіріп, қанша кедергіден өтіп, күш сарқылғанда қоян-қолтық ұрысқа кірісу керек. Амал не?! Менің ойым соққыға төтеп беру, құламау болды. Жекпе-жек барысында тиген бір соққы есенгіретіп салды. Көзімнің біреуі ашылмайды. Бір көзім сау бірақ, бұлдырлар барды. Дерее есімді жынып, қарсы ұмтылып қолымды сермеп менде соққымды қарсыласқа дарыттым. Бір сәтте «уақыт» деген норменнен селт етіп, келесі алаңға өттім. Онда да келесі күрең берет иегері күтіп алып, біраз титықтатты. Бет-ауыздың сау жері жоқ. Қанның бетімің қай жерінен аққанын білмеймін, әйтеуір көзімді жауып кедергі болуда. Қан мен тер қоса аққан сәтте отбасым, маған сенген елім мен туған жерім есіме түседі. Бұл соңғы серпіліс, ақтық сын еді. Мен «күрең берет» иеленген 15 сарбаздың қатарындамын. Менің міндетім – еліміздің тыныштығын сақтау, бейбіт күндердің себепкері болу. Қызметке адалдық ғана ел дамуына сеп болмақ, – деп түйді сөзін «Қазбат».

Болашақтың көзі – бүгінгі ұрпақ. Сол ұрпаққа нені аманаттасақ – сол біздің мұрамыз болмақ. «Жақсыны көркемек» демекші, оқырманға антқа адал жандардың тыныштан айту, жазу – бұқараға батыры қызметі. Батырым бар деген елдің сенімі молайып, бірлігі ыдырама қоғамды қалыптастырады.

Құттықтаймыз!



өмір сүруіңізді тілейміз.

Алтын күнім, жарқын нұрым, жұмағым. Саркылмайтын, балдай тәтті бұлағым. Ұрпағына деп арнаған ғұмырым, Ұзақ болсын – Тәңірімнен сұрарым.

Тілек білдірушілер: жұбайы, балалары, немерелері. №576

Кеншоқы ауылының тұрмасы, Қарқаралы қаласының тұрғыны, адал жар, аяулы ана, асыл әже, бар ғұмырын медицина саласына арнаған, ақ халатты абзал жан Әбдіғалым Зиягуль Болатқызын 26 қазан күні келіп жеткен зейнет жасымен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге зор денсаулық, ұзақ өмір, балаларыңыз бен немерелеріңіздің ортасында бақытты да қызықты

Өрт сөндіру станциясы ашылды



Республика күні қарсаңында Ақтоғай ауданының Шабанбай би ауылдық округінде Қызыларай орманшылығының Орман өрт сөндіру станциясы ашылып, елді мекендерді өрттен қорғау жұмысы күшейтіле түсті.



Нұрдос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты ашылуда тұрғындарды аудан әкімінің міндетін атқарушы С.Амралин, Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқарма басшысы Б.Санбаев және Шабанбай би ауылдық округінің әкімі А.Мурасов құттықтады. Лентасын кынып, құрылым мамандарына сәттілік тіледі.

Ақтоғай орман шаруашылығының орман қоры – 74 467 гектар. Оның 48 233 гектары орманмен қамтылған. Ұйымдар бойынша өсімін молайтуды қамтамасыз ету және ормандарды қорғауды, орман өсіруді қамтамасыз ету үшін 104 штаттық бірлік жұмылдырылған. Биыл шару-

ашылықтың техникалық паркі заманауи техникамен 70%-ға жаңартылды. Жеке құрам киім-кешекпен толық қамтамасыз етілді. Орман шаруашылығы қызметшілерінің жалақысы көтерілді. Біз өрт сөндіру бекеттерін құру арқылы шалғайдағы ауылдық елді мекендердегі тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете аламыз, – деді аудан әкімінің міндетін атқарушы Серік Қабылұлы.

Телефон байланысы жұмыс істейді, сегіз қызметкер және өрт сөндіру автокөлігі бар. Жаңадан құрылған команда тек өртті сөндіріп қана қоймай, сонымен бірге, аумақтағы өзге де төтенше жағдайларды жоюға қатысатын болады.

Ақтоғай ауданы.

Еске алу

Әкеміз Бажақ Исайынның 22.10.1994 жылы фәниден бақиға аттанғанына – 19 жыл. Аяулы анамыз Қадиха Сыздыққызының өмірден өткеніне – 10 жыл. Қанша уақыт өтсе де әке-анамыздың жарқын бейнелері мәңгі жүрегімізде сақтаулы.

Батқанда күн, атқан сайын таң күліп, Сіздерді ойлаймыз. Есте сақтап мәңгілік, Алланың нұры жаусын. Топырақтарың торқа болсын мәңгілік!

Еске алушылар: балалары, немерелері.

№581

Жұмыспен қамту – назарда



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі жұмыссыздық деңгейін төмендетіп, жоғары оқу орындарының, колледждердің түлектері, білімі жоқ жастарды тұрақты жұмысқа орналастыру мәселесіне назар аударуда. Бүгінде бұл бағытта Приозерск қаласында атқарылып жатқан жұмыс аз емес. Әсіресе, жастар арасындағы жұмыссыздық күн тәртібінде тұр.

Нұрдос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазір бос жұмыс орындары туралы мәліметтер электронды еңбек биржасы арқылы қолжетімді. Жүйелік кестеге сәйкес жақында шағын шаһарда бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өтті. Шарада жұмыссыз азаматтарға 15 ұйымнан 42 жұмыс орны ұсынылды. Бос жұмыс орындар жәрмеңкесінде 50-ге жуық адам түсіндірме ақпарат алды. Сонымен қатар, ақпараттық-насихаттау жұмыстары жүргізіліп, 50 ақпараттық брошюра таратылды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, жұмыссыз азаматтармен «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлік дамыту жөніндегі» Ұлттық жобаны түсіндіру бойынша кездесу өткен. Онда «Жастар тәжірибесі», «Алғашқы жұмыс орындары», «Қоғамдық жұмыс», «Әлеуметтік жұмыс орындары», «Күміс жас» және «Ұрпақтар келісімшарты» жобалары бойынша, оның ішінде, мемлекеттік гранттар және жастарға арналған микрокредиттер бойынша түсініктеме берілген.

ПРИОЗЕРСК

«GoldCorp» ЖШС Қарағанды облысындағы Қызылшоқы учаскесін барлау жоспарына қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Тыңдау 08.12.2023 ж., сағат 11.30-да мына мекенжай бойынша өтеді: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Жаңаөтан ауылдық округі, Жаңаөтан ауылы, Үшкын көшесі, 38, клуб ғимараты, сондай-ақ Zoom конференциясы арқылы (Идентификатор: 5118020965, кіру коды: uaeK4z).

Жобалық құжаттама пакетімен порталда танысуға болады esportal.kz. ескертулер мен ұсыныстар бірінші экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады esportal.kz, сондай-ақ эл. мекенжайы: goldcorp2022@mail.ru. қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады. мекенжайы: goldcorp2022@mail.ru және телефон бойынша: 7-701-78-726-98.

ТОО «GoldCorp» проводит общественные слушания в форме открытого собрания по Разделу охраны окружающей среды к Плану разведки участка Кызылшоқы в Карагандинской области.

Слушания состоятся 08.12.2023 г., в 11.30 ч., по адресу: Карагандинская область, Каркаралынский район, Жаңаөтанский сельский округ, село Жаңаөтан, ул.Ушкын, 38, здание клуба, а так же посредством Zoom конференции (Идентификатор: 5118020965, код доступа: uaeK4z).

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале esportal.kz. Замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале esportal.kz, а также на эл. адрес: goldcorp2022@mail.ru. Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: goldcorp2022@mail.ru и по телефону: 7-701-78-726-98.

№261

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

166 мың шабақ жіберілді

Балқаш көлінің «Бергіе» айлағы бір күнде 166 мың шабақпен толықты. Экологиялық шараны «Қазақмыс Сэмлтинг» ЖШС мен балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының Балқаш филиалы өткізген.



Нұрдос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Былтыр сазанның 234 мың шабағын жіберген едік. Әр шабақтың салмағы 9-дан 97 грамға дейін. Шабақ жіберу процесі Балық шаруашылығы «Балқаш-Алакөл» облысаралық бассейндік инспекциясы өкілдерінің, «Балық шаруашылығы ҰҒО» ЖШС БФ, «Қазақмыс Сэмлтинг» ЖШС мен Балқаш қаласы әкімдігі өкілдерінің қатаң бақылауымен жүзеге асырылды. Бұл жұмыстарға 11 миллион теңге жұмсадық. Биыл 12,5 миллион теңгеге 166 мың

балықтың шабағын сатып алып, көлге жібердік. Мұндай экологиялық шара жалғасын табатын болады. Бұл біздің бірегей көліміз үшін және Балқаш маңының фаунасын жақсарту үшін қажет, – дейді «Қазақмыс Сэмлтинг» ЖШС техникалық директоры Гулам Камирдинов.

«Бұқтырма уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы» ЖШС басшысы Сымбат Ануарбековтің айтуынша, шабақтар біраз қарақанаттанған соң суға жіберілетін көрінеді.

БАЛҚАШ

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Науқанды мерекеге орай арнайы ұйымдастырдық. Жас буынның Отанға сүйіспеншілігін арттырып, оның ішінде табиғатты аялауға бағытталды. Әр жыл сайын өткізіледі. Табиғатты, қоршаған ортаны қорғаудың жолдарын ұғындыру мақсатын көздедік. Халықтың экологиялық сауатын ашып, жастардың мәдениетін арттырғымыз келді. Сонымен қатар, табиғатқа деген қамқорлықты қалыптастыру, қоршаған ортаны таза ұстау және экологиялық жағдайды жақсарту көзделді, – дейді «Жасыл ел» еңбек жасақтары облыстық филиалының жетекшісі Сұлтан Шаймағанбет.

Жалпы, облыс бойынша «Жасыл ел» 3000-ға жуық адамды қамтыды.

Қоршаған орта болашақ ұрпағымызға қалдыратын мұра болғандықтан, жастар еңбек жасақтары қоғамның дамуына өздерінің үлесінін қосуда. «Жасыл ел» аллеясын оқушылар өздері күтеді. Ағаштар да қараусыз қалмайды, оларды баптаумен оқушылар айналысады. Ағаштардың біреуінің бағасы – 40 000 теңге. Оларға ерекше күтім мен қамқорлық керек, – деді Сұлтан Шаймағанбет.

Акциндар қала мектептері, жоғары оқу орындары және колледждер студенттерінен құралған командалар 35 шырша көшетін отырғызды. Экологиялық викторинаға қатысып, сыйлықтармен марапатталды. Жас ізденімпаздар экологиялық кодексті қамтыған салмақты сауалдарға, жасыл экономика сұрақтарына тыңғылықты жауап берді. Экологиялық науқандар командалар өздерінің ұрандары



мен атауларын ұсынды.

Ағаш отырғызу – жақсы дәстүр. Бұл қаланы көгалдандырып, көрік береді. Шыршаларды күзде отырғызған жақсы. Олар көлеңкелі жақсы көреді, сондықтан біз бұл жерді арнайы тандадық. Экология – Денсаулық, климат және өмір сапасы. Осындай акциялар арқылы жеткіншектерге экологиялық тәрбие беру олардың дүниені тану көзқарасын қалыптастырады, – дейді белсенді Сәкен Келдібаев.

Филиал жетекшісінің айтуынша, облыста «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының жобасы 2005 жылдан жүзеге асырылып келеді. Соңғы үш жылда оған 14 пен 28 жас аралығындағы 5 мыңнан астам азамат қатысты.

Қаладағы жастар еңбек жасақтарының қатарын биыл 1000 адамға тоқтыру жоспарланды. Сарбаздар саябақтар және гүлзарларды абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарын атқарады, берілген аумақты қоқыстардан тазартады. Сондай-ақ, жаңа достар тауып, қоғаммен әрі табиғатпен

байланысын күшейтеді.

Бүгінгі таңда «Жасыл ел» қатарындағы сарбаздардың барлығы жаңа, әрі сапалы бірінші арнайы киіммен қамтамасыз етілген. Бағдарламаға қатысушылардың жалақысы да жыл сайын артып

көңілді уақыт өткізу үшін әртүрлі мерекелік іс-шаралар, тренингтер мен челленджер, экологиялық акциялар ұйымдастырылады. Жұмыс уақыты аптаның бес жұмыс күнін құрай отырып, бір айға созылады. Сонымен бірге, қаты-

25 қазан РЕСПУБЛИКА КҮНІ



Электрондық пошта: ortalyk.kaz@mail.ru

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

«Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі еңбек ардагері, облыстық кеңестің денсаулық сақтау комиссиясының мүшесі Зейнолла Зиаеддинұлы ТЕМІРБЕКОВТІҢ қайтыс болуына байланысты отбасына, туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, шын ниетпен көңіл айтады.

• АКЦИЯ

Көк Туға құрмет

Республика күні қарсаңында аймақ жастары «Менің елім – менің Туым!» акциясын бастады. Жастар акция барысында «Қарағанды» қонақүйінің балқондарына мемлекеттік Ту ілді.



Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шараны ұйымдастырған АМАНАТ партиясы «Жастар Рухы» қанатының Қарағанды облыстық филиалы мен Қарағанды жастар ресурстық орталығының белсенділері. Олардың айтуынша, акция жастарды қолдау және рухтандыру, патриоттық сезімдерін нығайтуға бағытталған.

АМАНАТ партиясы «Жастар Рухы» жастар қанаты Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Ержан Хамитовтің айтуынша, акция облыс аумағындағы барлық аудан мен қалалардың жастар ұйымдарына челлендж ретінде жолданды.

– Республика күні қарсаңында мемлекеттік Туды ілу акциясын өткізу игі дәстүрге айналды. Бұл – «Елім!» деген әр азаматтың Отанға, туған жерге, туған елге деген құрметтің басты белгісі. Біз көк Туымыз ашық аспан астында желбіреген бейбіт елде өмір сүріп жатқанымызды мақтан етеміз. Шараға жастар қанатының 30-ға жуық белсендісі қатысты, – дейді ол.

Аталған акция былтыр бастау алған еді. Был да ел бойынша белсенді 500 жас аймақтағы барлық өңірде 5 мңн Ту ілуді көздеп отыр.

• ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ

Өнері өнегемен сабақтасқан

Қазақ әнінің дүлдүлі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Жақсыкелді Кемаловтың «Айбоз ғұмыр асқақ ән» атты шығармашылық кеші өтті. Кешілер мәдениет сарайына Алаштың сәулелі ұлдары түгел жиналды. Көш басында қазақ әнінің абызы – Қайрат Байбосынов. Кеудесі домбыраның шанағына, жүрегінің тамыры шекке айналған, ән деп ғұмыр кешкен тума таланттық тойы Аркада дүбірледі. Сахнада рух домбыра боп сөйледі.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әнші сахнаға шыққанда рух та бірге көтерілгендей күй кешті. Жақан сері кештің шымылдығын сұңқар Сәкеннің «Тау ішінде» әнімен ашты. Сұңқар көңіл шарықтап, көз алдында даланың асқақ таулары көлбедеп, жазыраның жұпары келді. Әннің тілін білетін, қанына әуез сіңген қадірменді тыңдарман тыпыршып сала берді. «Қызыл асық» шырқалғанда кең залдың ішін қиуу басып кетті. Домбыра да өзіндей сөйледі. Әнші де домбыра боп күмбірледі. Жақан сері – виртуоз.

Ақжарма тілектің көшін облыс әкімінің орынбасары Бауыржан Асанов бастады.

– Сіз кешегі даланың қасиетін бойына сіңірген көшпендінің рухын шарықтатып жүрген дара тұлғасыз. Сіз Арқаға ғана емес, бүтін бір Алашқа құрметтісіз. Арқадағы ән мектебін қалыптастырған ұстазсыз. Салған жолыңызда небір дарындар күркіреп жүр. Классикалық әннің сәулелі саңлағысыз. Сізді мақтан тұтамыз. Жасай беріңіз, – деді Бауыржан Асанов.

Ағалар Жақсыкелді Кемаловқа «мұз жарғыш кеме» деген атақ берген. Себебі, сексенінші жылдары қазақтың классикалық әнін жаңа белеске шығарған дарындардың, қайраткерлердің бірі – Жақан сері. Біржан сал, Ақан серілердің жалғасы. Аристократ, әннің академигі. Кешті жүргізген ақын, филология ғылымдарының докторы, профессор Қойлыбай Асанов өткен күннің естелігін айтты.

– Мәдениет сарайының алдыңғы қатарында абыз асқақал Жайық Бектұров отырушы еді. Сол Жәкең асқақал Жақсыкелдіні сахнадан түсірмейтін. Күш-қу-



ты тая бастаған әлсіз қолын қайта-қайта көтеріп: «Әй, Жақан, «Еділ мен Жайықты шырқашы» деп қоныр үнімен қарлыға дауыстайтын. Қоныр домбыра күмбірлеп сала береді. Көз алдыңызға Жайықты жағалап келе жатқан Төлегеннің боз жорғасы елестейтін. Әсіресе, Жақан әнді бастама бұрын домбырасын жорғалата шертіп, тыңдаушының жүрегін еріксіз баурап алатын, – деді Қойлыбай Асанов.

Кешке арнайы келген Парламент Мәжілісінің депутаттары Аманжол Әлтаев пен Жанарбек Әшімжан да жылы лебіздерін білдіріп, ән дүлдүлінің иығына шапан жапты. Жабылған шапан мен тартылған гүлде есеп жок. Ән аяқталған сайын залдағы тыңдар-

ман сахнаға ағылып, сүйікті өнерпазына құрмет көрсетті. Жаңаарқа ауданының әкімі Қанат Қожықбаев қуанышты жаңалығымен келген екен. Ұлттық рухтың жалауын желбіретіп жүрген Жақсыкелді Кемаловқа «Жаңаарқа ауданының Құрметті азаматы» атағы берілгені жеткізді. Туған топырағынан жеткен жылы сәлем.

– Жақан аға, туған топырағыңыз Сізбен әрқашан мақтанады. Кешегі серілердің, дүлдүлдердің сынығысыз. Жаңаарқаға ғана емес, бүткіл қазаққа құрметті азаматсыз. Мынау жұрт қадір-қасиетіңізді біледі. Осы атакты табыстау мәртебесі маған бұйырды. Ауылдағы елдің ықыласын, сөлемін қабыл алыңыз, – деді Қанат Қожықбаев.

Кеште Алаштың аяулы ақындары, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегерлері Серік Ақсұңқарұлы мен Ғалым Жайлыбай лебіздерін өлеңмен жеткізді.

Жақсыкелді Кемаловтың шәкірттері шоқтығы биік классикалық әндерді шырқады. Ән кешінің нүктесін Тәттімбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптарының оркестрі қойды.

Жиналған жұрт Жақаның сахнадан түсіргісі келмей, ұзақ шапалақ соқты. Тамырында «Қызыл асық» тулаған талғамы биік тыңдарман хас талантқа осылай құрмет көрсетті.

Ән – көзге көрінбейтін күдіретті, тылсым ғалам. Оны көзбен емес, жүрекпен көреді. Өнер «адамзаттың бәрін бауырым деп» сүйген көңілі, ниеті таза адамдарға ғана қонады. Жақан серіге ән қонған. Ол – ата-бабаның асыл аманатын аркалап жүрген дегдар дарын, қазақ әнінің корифейі.

• ЧЕЛЛЕНДЖ

Ұлттық киім – ұлттық рухтың айнасы

Елдің ертеңгі тізгінін ұстайтын ұрпақ тәрбиелеуде мұғалім үлесінің қаншалықты екенін айтпаса да белгілі. Оқушысына біліммен қатар, патриоттық рухта тәрбие беру де – дәл осы мектеп мұғалімінің міндеті. 25 қазан – Республика күні қарсаңында Қарағанды қаласындағы С.Сәттаров атындағы мектеп-лицейінің мұғалімдері челлендж ұйымдастырып, бір күн бойы қала көшелерінде ұлттық киіммен жүріп, қарағандылықтарға ұлттық тағамдар таратты.



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Ұлттық құндылықтарымызды насихаттау мақсатында мектеп ұстаздары, оқушылар және ата-аналардың ұсынысымен осындай шара ұйымдастырдық. Одан бөлек, Республика күні қарсаңында «Ұлттық киім – ұлттық рухтың айнасы» деген ұранмен барлығымыз мектепте бір апта бойы ұлттық киімде жүрміз, – дейді С.Сәттаров атындағы мектеп-лицейі директорының

тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлзат Жапабаева.

Түлкі тымақ, саптама етікте айбынын асқақтатқан ер ұстаздар, үкілі тақия, қос етек көйлекке қырдың қызғалдағындай киінген жас мұғалімдер алдымен «Таир» сауда орталығында болды. Осы жерде ұлттық әндерді орындап, сауда үйінің келушілеріне бауырсақ таратты. Одан кейін «Әлем» сауда үйіне де бас сұқты.

– Ұлттық киім киген бір топ мұғалімдерімізді қарағандылықтар да жылы қабылдап, ерекше іл-

типаттарын білдірді. Республика күнінде ғана емес, мектепте үнемі ұлттық нақыштағы киім киіп жүруді әдетке айналдырсақ деген мақсатымыз да бар. Қазірдің өзінде оқушыларымыз бірінғай ұлттық киімде. Яғни, әр сыныптың киімдерінің өздеріне тән ерекшелігі бар, – дейді Гүлзат Жапабаева.

С.Сәттаров атындағы мектеп-лицейінің мұғалімдері аталған челленджді облыс орталығындағы өзге мектептерге де жолдағандарын айтады.

«Спорт – менің өмірім»

Республика күні қарсаңында жаһандық додаларда көк байрағымызды желбіретіп жүрген спортшымыз Данил Мусабаевпен сұхбаттасқан едік. Данил Мусабаев – XIX Азия ойындарында батуттық гимнастикадан күміс жүлде алды. Арқадан түлеп ұшқан саңлағымыз елдің абыройын асқақтатып, Қарағандыда тақымын қысып отырған жұрттың мерейін үстем етті.

– Данил мырза, сұхбатқа уақыт тауып келгеніңізге рахмет. Бүгінде біршама жетістікке жеттіңіз. Жұрт болып, қуанып жатырмыз. Спортқа келуде кім ықпал етті? Осыны білгіміз келеді.

– Мені спортқа әкем 4 жасымда әкелді. Оның акробатикамен шұғылданатын достары көп болды. Әуелі сол акробатикаға бардым. Спорт маған бірден ұнады. Әр жаттығуға ерекше ынтамен, құлшыныспен келетінмін. Жарты жылдан кейін бапкерім батутты гимнастикаға жіберді. Соған қарағанда, батутқа икемім бар екенін жаттықтырушым байқаған секілді. Содан бері қол үзген жоқпын. Үздік болу үшін тер төктім. Маңайыма жақсы достар жинадым. Олардың да талабы таудай болды. Үлгі «сен тұр, мен атайын» деген жігіттер. Жаттығуға бірге бардық. Осындайда жүрген ортаның қадірін білесіз.

– Үздік болу үшін сөзсіз аянбай тер төгу керек. Күнде жаттығу залына бару, шынығу. Кейде адам бұдан қажиды. Сіздің ерік-жігеріңізге, талпы-



нысыңызға спорт жанкүйерлері тап. Жас та болса, біршама биікке шыққан Данил Мусабаев үшін спорт деген не?

– Спорт – менің өміріме айналып кеткен. Онсыз келешегімді елестете алмаймын. Мені тәрбиеледі, темірдей тәртіпке баулыды. Спорттық мансабым аяқталғанда да жаттығудан қол үзбеймін деп ойлаймын. Жаттығуға барған сайын жаңа ой түйемін. Бапкерім – маған екінші әке. Айтқан ақылы көп дүниені түсінуге ықпал етті. Бозбалалық шағым залда өтіп жатыр. Соған қуанамын. Уақытым,



күш-жігерім зая кетіп жатқан жоқ. – Адамды алға жетелейтін – арман. Бүгінде қандай арман, мақсатыңыз бар?

– Арманым, әрине, асқақ. Олимпиада ойындарында ел байрағын желбіреткім келеді. Сол үшін де қазір тер төгіп жүрмін. Жатсам да, тұрсам да ойымда осы арман. Бұлшық етімді ғана емес, рухымды да шыңдап жүрмін. Байрақты бәсекелерде елінің намысын қорғау үшін мықты рух керек. Адам өзіне сенімсіз болса, ешқандай да белеске шыға алмайды. Алдымда ұзақ жол жатыр. Мені сол жолда алға сүйрейтін – қайратым.

– Жерлестеріңізге, жанкүйерлеріңізге тілегіңіз...

– Бәріңізді Республика күнімен құттықтаймын. Еліміздің мерейі әрқашан үстем болсын! Байрақты бәсекелерде спортшыларымыз Қазақстанның абыройын асқақтатып, Халқымызға тек жақсылық келсін. Әр шаңыраққа байлық, амандық тілеймін.

– Сұхбаттасқаныңызға рахмет! Женісті күндерде жүздескенше!

Сұхбаттасқан Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Газеттің келесі саны 28 қазан, сенбі күні шығады

